


## Әділетті Қазақстан

Әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Бұл – ең алдымен, барша Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік. Сіздердің шешімдеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз елдің бүгінгі мен болашағына тікелей әсер етеді.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

### ТАЗА АЛМАТЫ



## ЕСЕНТАЙ ЖОБАСЫ

3

### ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



## ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

### МӘСЕЛЕ

5



## АВТОТҰРАҚ АЛАҢЫ

9

### KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

25.04.2023

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

26.04.2023

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 3-8, күндіз екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty

## AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №52 (6345) 25 сәуір, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

### АҚОРДА

# ҚАЗАҚСТАН-ЧЕХИЯ

## БИЗНЕС-ФОРУМЫ:

құны €230 млн келісімге қол қойылды

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Қасым-Жомарт Тоқаев Петр Фиаланың елімізге жасаған алғашқы ресми сапары екіжақты қатынастарды нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді. «Чехия Республикасынан энергетика, машина жасау, көлік, ауыл шаруашылығы, қаржы, медицина өнеркәсібі және фармацевтика секілді экономиканың түрлі салаларына құйылатын инвестицияны құптаймыз. Сондай-ақ, елдеріміздің астаналары арасында тікелей әуе қатынасын ашамыз деп сенеміз», – деді Мемлекет басшысы.



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Чехия Республикасының Премьер-министрі Петр Фиаланы қабылдады

2

### ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІК

## ҚАЛА ТАЗАРМАЙ, САҢА ТАЗАРМАЙДЫ

Алматыдағы жалпықалалық сенбілікте 15 мың текше метр қоқыс жиналып, 5 мың көшет отырғызылды



22 сәуір күні әлем халқы 2009 жылы БҰҰ Бас ассамблеясының 63-ші сессиясында қабылданған «Халықаралық Жер» күнін атап өтті. Алғаш рет 1972 жылы «Ағаш күні» деген атпен аталып өтсе, содан бері бұл күні экологиялық тазалық шарасын өткізу үрдіске айналды.

6-7

### ҚЫСҚА...

- Президент ҚХА Төрағасының орынбасарларын қабылдады.
- Мемлекет басшысы Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовты қабылдады.
- Президент – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы 5 мамырда Бүкілармиялық кеңес өткізеді.
- Сенаторлар 27 сәуір күні өтетін жалпы отырыстың күн тәртібін бекітті.
- Үкіметте Қазақстан-Чехия ынтымақтастығын нығайту перспективалары талқыланды.
- Бүгін Үкіметте «Қолжетімді интернет» жобасы мен инфляцияны бақылау мен төмендету шаралары қаралады.
- Ұлттық бірыңғай тест сұрақтары мен емтиханның өткізілу форматы өзгереді.
- Қараусыз иттерге қатысты Экология министрлігіне тапсырма берілді.
- Азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін субсидияға жаңа норма енгізіледі.

www.almaty-akshamy.kz





## «АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

## ■ ПРЕЗИДЕНТ

*Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, мамыр айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне арналған бірқатар іс-шараға қатысады.*

«Президент – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы 5 мамырда Бүкілармиялық кеңес өткізеді, ал 9 мамырда Астанада Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына тағзым етеді деп жоспарланып отыр», делінген хабарламада.

## ■ ПАРЛАМЕНТ

*Сенат Төрағасы – Қазақстан бочча федерациясының Президенті Мәулен Әшімбаев Астанадағы Паралимпиадалық орталыққа арнайы барып, ерекше қажеттілігі бар жас спортшыларға қолдау көрсетті.*

Бочча – доппен ойнайтын спорттық ойын. Оған тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдар қатысады. Аталған сайыс түрі 1984 жылы Паралимпиадалық ойындар бағдарламасына енгізілген. Қазақстанда алғаш рет 2018 жылы негізі қаланып, қарқынды дамып келеді. Сенат Спикері Қазақстан бочча федерациясының кезектен тыс конференциясында Федерация Президенті болып сайланғаны белгілі. Қазақстандық спортшылар боччадан ел чемпионатына қызу дайындықты бастап кетті. Қазақстан бочча федерациясы Халықаралық бочча федерациясының мүшелігіне өтті. Соған байланысты 6 спортшымыздың Польшада өтетін халықаралық челленд жерге қатысуына өтінім берілді. Одан бөлек, ұлттық құрамамыздың 2023 жылдың қазан айында Кытайда өтетін Азия Паралимпиада ойындарына және 2024 жылы Парижде жалауы желбірейтін Паралимпиада ойындарына қатысуына өтінім беру көзделіп отыр. Биылғы маусым айында Астана қаласындағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы спорт сарайында тірек-қимыл аппараты бұзылған спортшылар арасында боччадан Қазақстан чемпионаты өтеді. Оған еліміз бойынша 15 және одан жоғары жастағы 50-ге жуық спортшы қатысады деп жоспарланып отыр.

## ■ ҮКІМЕТ

*Мәскеуде өткен ЕЭК Кеңесінің екі күндік отырысының қорытындысы бойынша қазақстандық жеткізушілер үшін сауда-экономикалық кедергілерді жою бағытында маңызды қадамдар жасалды.*

Отырыста мемлекеттік сатып алу, өзара сауда, техникалық және кедендік реттеу, өнеркәсіп, энергетика, халықаралық ынтымақтастық салаларындағы 35-тен астам мәселе қаралды. Қазақстандық делегацияны Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин басқарды. Қазақстандық жеткізушілерге ЕАЭО елдерінің өнеркәсіптік тауарларын мемлекеттік сатып алуға, оның ішінде СТ-1 сертификатын ұсыну арқылы кедергісіз қатысуға мүмкіндік беретін бірқатар құжаттарға өзгерістер енгізілді. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерден тауарлардың шығу тегін айқындайтын өндірістік және технологиялық операцияларды жүргізу шарттарының тізбесі арнайы машина жасау, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен мұнай-газ машина жасау тауарларына қатысты 38 позициямен толықтырылды. Одаққа мүше елдердің бірлескен өнеркәсіптік кооперациялық жобаларын іске асыруға қаржылық көмек көрсету тәсілдері мақұлданды. Қаржылық көмек ЕАЭО бюджеті есебінен халықаралық және ұлттық қаржы ұйымдары беретін несиелер мен қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде көрсетілетін болады. Құжат ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер басшыларының қол қоюына Жоғарғы кеңес отырысында ұсынылады. ЕЭК Кеңесінің келесі отырысы 2023 жылғы 19 мамырда өтеді.

## ■ МИНИСТРЛІК

*Қазақстанда игерілмей жатқан және заңсыз берілген ауыл шаруашылығы жерлерін қайтару жөніндегі комиссиясының жұмысы жалғасып жатыр.*

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің хабарлауынша, биыл жылдың басынан бері Жер ресурстарын басқару комитетінің республика бойынша аумақтық бөлімшелері жер пайдаланушыларға қатысты 486 мың га алаңда жоспардан тыс 381 тексеруді тіркеді, нәтижесінде 304,7 мың га алаңда 152 нұсқамен енгізілді. Сонымен қатар, 891,7 мың га бос жатқан ауыл шаруашылығы жерлері мемлекетке қайтарылды. Бұдан басқа, әкімдіктерге қатысты 65 тексеру жүргізіліп, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін беру туралы 117 заңсыз шешім анықталды. Жергілікті атқарушы органдардың атына жер заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы 54 ұйғарым берілді. Бұл бағыттағы жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Екі жыл ішінде қайтарылуда жататын 10 млн гектардың ішінде мемлекет меншігіне барлығы 6,3 млн гектар жер берілді. Бұл ретте мемлекетке қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлері халықты жайылымдармен оңтайлы қамтамасыз ету мақсатында бастапқы кезде аудандардың резервіне қойылатынын атап өтеміз. Яғни жоғарыда аталған жер учаскелері сол маңдағы ауыл тұрғындары пайдаланылатын ортақ жерлермен қамтамасыз еткеннен кейін ғана конкурстарға шығарылатын болады.

## ■ МҰНАЙ

*Мемлекет басшысының Үкіметке берілген негізгі тапсырмаларының бірі – мұнай жеткізу бағыттарын әртараптандыру еді. Енді міне, Қазақстан мұнайы Жерорта теңізіне шығарылды.*

Өткен жылдың тамызында Транскаспий халықаралық көлік бағыты арқылы Қазақстан мұнайын жеткізу мәселесі талқыланып, белгілі. Биыл наурыз айында Ақтау портынан алғашқы мұнай партиялары жөнелтіле бастады. Ал өткен сенбіде «ҚазМұнайГаз»-дың еншілес ұйымы «Қазақтөңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС-не тиесілі отандық «ALATAU» танкері Джейхан портынан алғашқы 80 мың тонна мұнайды тиіп алып, сапарға шықты. Осылайша отандық мұнай-газ саласының жаңа даму кезеңі басталды. Отандық мұнай тиелген «Alatau» танкері румыниялық Констанца портына бағыт алды. Жеткізілген өнім ҚМГ-нің Румынияда орналасқан «Petromidia» мұнай өңдеу зауытының қажеттіліктеріне жұмсалмақ. «Бұл – еліміз үшін үлкен жетістік. Ұзақ мерзімді перспективада бұл бағытты игеру отандық экономикаға зор пайда әкелетініне сенімдіміз. Мұның өзі қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізері сөзсіз», – деді «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

## ■ АҚОРДА

ҚАЗАҚСТАН–ЧЕХИЯ  
БИЗНЕС-ФОРУМЫ:  
құны €230 млн келісімге қол қойылды

(Басы 1-бетте)

Инвесторларға жан-жақты қолдау  
көрсетіледі

Мемлекет басшысы Чехия Президенті лауазымына сайланған Петр Павелге құттықтауын жолдады.

Кездесу барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты, соның ішінде көлік-логистика саласын нығайту перспективаларына баса мән берілді. Президент чех инвесторларына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін айтты.

– Сіз елімізге үлкен бизнес-делегация алып келдіңіз. Екі ел арасындағы іскерлік байланыстар мен ынтымақтастықты ілгерілетуге пайдасы өте зор бизнес форум өтеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## «Қазақстан – өте маңызды серіктес»

Өз кезегінде Петр Фиала Чехияның елімізбен арадағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниетті екенін растады.

– Чехия Республикасы Қазақстанмен бұрыннан достық қарым-қатынас орнатқан және оны жалғастырамыз деп сенеміз. Осы кездесуіміз белсенді байланыстарға тың серпін береді деп үміттенемін. Қазақстан – біз үшін өте маңызды серіктес. Қазақстан мен Чехия Республикасының ынтымақтастығы Еуропалық Одақ пен Орталық Азия елдері арасындағы қарым-қатынастардың аса маңызды тірегінің бірі саналады, – деді Чехия Премьер-министрі.

Қолайлы инвестициялық ахуалдың  
шынайы көрінісі

Астанадағы Қазақстан–Чехия бизнес-форумының қорытындысы бойынша Skoda Transportation компаниясымен, EGAP экспорттық сақтандыру агенттігімен, Чехияның экспорттық банкімен, Transco компаниясымен жалпы құны €230 млн құрайтын меморандумға және басқа да құжаттарға қол қойылды.

Іс-шараға екі ел Үкіметтерінің басшылары Әлихан Смайылов пен Петр Фиала, мемлекеттік сектордың, ұлттық компаниялар мен іскер топтардың өкілдері

қатысты. Бизнес-форум аясында пленарлық отырыс өтіп және В2В форматында екіжақты кездесулер болды.

Әлихан Смайылов өз сөзінде қазіргі уақытта республика аумағында 200-ге жуық бірлескен кәсіпорын жұмыс істейтінін атап өтті. «Чех бизнесінің Қазақстанда бірлескен жобаларды іске қосуға қызығушылық танытуы – біздің еліміздегі қолайлы инвестициялық ахуалдың шынайы көрінісі. Бізде серпінді инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін барлық қажетті алғышарттар бар», – деді Әлихан Смайылов.

Бірлескен жобалар жүзеге  
асырылады

Үкімет басшысы Қазақстан инвестиция тарту бойынша Орталық Азияда көшбасшы болып қала беретінін еске салды. Тәуелсіздік жылдарында республика \$410 млрд-тан астам тікелей шетелдік инвестиция тартуға қол жеткізді. «Біздің стратегиялық міндетіміз – 2029 жылға дейін тағы \$150 млрд инвестиция тарту. Еліміздегі инвесторлар үшін салықтық жеңілдіктер, кедендік төлемдерден босату және т.б. түрлі мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған», – деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы инвестиция тартудың маңызды алаңына айналған, тиісті қаржы құралдары мен қызметтерінің толық жиынтығына ие «Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметін ерекше атап өтті. Орталықтың табысты жұмысының дәлелі – онда қазірдің өзінде әлемнің 73 елінен 1800-ден астам компания тіркелген.

Сөз соңында Әлихан Смайылов Астанада өтіп жатқан бизнес-форум Қазақстан мен Чехияның өзара сауда-экономикалық қарым-қатынастарын тереңдетуге тың серпін беретінін атап өтті. «Біздің форум аясында €230 млн сомасындағы бірқатар құжаттарға қол қойылуда, соның негізінде түрлі бірлескен жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Біз чехиялық әріптестермен инвестициялық ынтымақтастығымызды одан әрі тереңдетуге дайынбыз және ниеттеміз», – деп түйіндеді сөзін Премьер-Министр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

## ■ БРИФИНГ

ҮШ МЫҢ  
алматылық банкроттыққа өтініш берді

Алматыда 3 мыңнан астам алматылық банкроттық бойынша арыз берген. Банкроттық бойынша барлық түскен өтініштердің 83%-ы қаралды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдері баяндады.

Мемлекеттік кірістер департаментінің мәліметінше, өтініш берушілердің 362-сі атаулы әлеуметтік көмек алушылар. Сондай-ақ, 5 жыл бойы берешегі бар 690 азамат жүгінген.

Бүгінде барлығы 3662 өтініштің 3055-і қаралған. Оның ішінде 503 азаматқа қатысты соттан тыс банкроттық рәсімі қозғалған, бұл түскен өтініштердің 14%-ын құрайды.

Өтініш берген 2552 азаматқа соттан тыс банкроттық бойынша

өтініш беруден бас тартылды, оған кейбір талаптардың орындалмауы себеп болған – төлемді кешіктіру мерзімі 12 айдан аспаған, сонымен қатар өтініш берушіде мүліктің бар болуы және т.б. Мұндай өтініштердің саны 70%-ды құрады.

605 өтінішке қатысты (бұл барлық түскен өтініштердің 16%-ы) тексеру жүргізіліп жатыр.

Сот банкроттығына қатысты бүгінге дейін 58 өтініш түскен. Олардың ішінен:

– 6 азаматқа банкроттық туралы

азаматтық іс қозғау туралы сот ұйғарымы шығарылып, қаржы менеджерлері тағайындалған.

– 32 азамат бойынша сот арызды қайтарды, арызды қабылдамаудың негізгі себебі талап-арыздың талапқа сәйкес келмеуі болды.

Сондай-ақ, брифинг барысында азаматтарға «банкрот» деп танылған жағдайда оларға 5 жыл бойы несие берілмейтіні ескертілді. Аймос Будугулов өзін банкрот деп жариялағысы келетін жеке тұлғалардың әрбір өтініші 15 жұмыс күні ішінде қаралатынын баса айтты. Банкроттық рәсімінің өзі 6 айға созылады, оның мерзімі өткеннен кейін банкрот деп танылған азаматтардың тізімі уәкілетті органның ресми сайтында жарияланады.

Соттан тыс банкроттық туралы өтініш беру үшін азаматтар «e-Salyq Azamat» қосымшасы арқылы, сондай-ақ азаматтарға арналған Үкімет порталына жүгіне алады. Сонымен қатар, ХҚО арқылы қағаз жүзінде өтініш беруге болады.

Досбол АТАЖАН.



ТАҒАЙЫНДАУ

## ҰЖЫМҒА ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ  
«Alatau Aqparat» медиахолдингінің  
Бас директоры болып тағайындалды



Ержан Қалымбайұлы – журналист, ҚР Журналистер одағының мүшесі. Білімі жоғары, түрік, ағылшын тілін меңгерген. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «журналистика» мамандығы бойынша үздік бітірген. Кейін осы университетте аталған мамандық бойынша магистратурада оқыған. Қарағанды «Фемида» заң академиясында «заңгер» мамандығы бойынша білім алған. Ыстамбұл (Түркия) университетінің докторанты.

Еңбек жолын Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде қатардағы тілшіліктен бастаған. Одан кейін әр жылдары «Қазақстан РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалы, «Жебе» және «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті, «Хабар агенттігі» АҚ, «Қазақстан РТРК» АҚ, «Qazaq radiosy», «Еларна» телеарнасында түрлі лауазымда қызмет етті. «ULYS» халықаралық диджитал журналы мен uly.kz ақпараттық-сараптамалық сайтының негізін қалаушы әрі бас редакторы болды.

Сонымен қатар, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік қызметте де тәжірибесі бар. Атап айтқанда, халықаралық Түркі академиясының баспасөз хатшысы, Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, Атырау облысы әкімінің баспасөз қызметінің жетекшісі болып жұмыс істеген.

● «Alatau Aqparat» медиахолдингі 2020 жылы құрылды. Құрамына «Almaty aqshamy», «Вечерний Алматы» газеттері және «Almaty-akshamy.kz» мен «Veche.kz» сайттары кіреді.

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Алматы қаласы Полиция департаментінің мәліметінше, бүгінде қалада 580-ге жуық бағдаршам бар. Оның 98-і жасанды интеллект көмегімен жұмыс істейді. Десек те, бұл жұмыс әзірге сынақ режимінде жүзеге асырылып жатыр.




Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

– Бірінші кезең пилоттық режимде жүзеге асырылды. Енді екінші кезеңде қала бойынша барлық бағдаршамдарды толығымен

## «АҚЫЛДЫ» БАҒДАРШАМ

көлік ағынын автоматты түрде бақылай алады



қамтуды жоспарлап отырмыз. «Ақылды» бағдаршам қиылысқа жақындап келе жатқан көлік ағынын автоматты түрде бақылап және максимал өтуді қамтамасыз етеді, – дейді Алматы ПД әкімшілік полиция басқармасы басшысының орынбасары Болатбек Баятанов.

Мамандардың айтуынша, жол қозғалысын басқарудың мұндай интеллектуалды жүйесі көліктер ағыны жылдамдығы мен көлік кептелісін азайтып, көше-жол желісінің өткізу қабілетін арттыруға, сонымен қатар, жол апаттарына ұшырау қатерін азайтуға мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде көлік жүргізушілері үшін де, жаяу жүргіншілер үшін де өте қолайлы тәсіл болмақ.

МОНИТОРИНГ

## ТАҒЫ БІР НЫСАН...

кеңес берілмейтін үйлер тізіміне енді



Қала құрылысын бақылау басқармасының мәліметінше, жүргізілген мониторинг нәтижесінде интернет желілерінде Шашкин, 42/1 көшесінде орналасқан Maison ТҮК-те пәтерлерді сату туралы хабарландырулар жарияланғаны анықталды.

Алайда, бұл жер телімінің нысаналы мақсаты жерасты автотұрағы бар әкімшілік ғимарат салу және пайдалану болып табылады. Ал сәулет-жоспарлау тапсырмасы медициналық пункт салуға алынған.

Басқарма меншік иесіне қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 316 баптың 1-бөлігі бойынша анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ұйғарым шығарды. Сондай-ақ, құрылыс-монтаждау жұмыстарын мәжбүрлеп тоқтату туралы сотқа талап-арыз берілді.

Сонымен бірге, басқарма Экономикалық тергеу департаменті мен Мемлекеттік кірістер департаментіне шара қолдану үшін хат жолдады.

Естеріңізге сала кетейік, жылжымайтын мүлікті сатып алмас бұрын Қала құрылысын бақылау басқармасының +7 (727) 229-81-36 сенім телефонына қоңырау шалу арқылы салынып жатқан тұрғын үй кешендерінде құжаттардың толық пакетінің бар-жоғын тексеру ұсынылады.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ТАЗА АЛМАТЫ

## ЕСЕНТАЙ ЖОБАСЫ

қала тұрғындарына ыңғайлы болу үшін өзен жағалауын абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, серуендеу аймағы ұйымдастырылады



Абай даңғылынан Сәтбаев көшесіне дейінгі учаскеде Есентай өзенінің арнасын механикалық жолмен тазарту жұмыстары басталды. Айта кетейік, биыл аталған учаске «Қазселденқорғау» ММ экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасының қарауына берілген болатын.

Соңғы рет өзен арнасын кешенді тазарту және жағалауды жөндеу жұмыстары 10 жылдан астам уақыт бұрын жүргізілген. Соның салдарынан төселген қиматас әбден ескірген. Бұрынғы жылдары өзен арнасын тазарту жұмыстары судың өтуін қамтамасыз ету үшін кезеңмен жүргізілген. Өйткені, өзен арнасын зерттеу кезінде биіктігі 1,5 м-ге дейін едәуір көлемдегі лай мен қоқыстың жиналғаны байқалды. Арнаны мұндай қоқыстардан тазалау үшін арнайы ауыр техникалардың көмегі қажет болды.


Өйтсе де, бұл учаскеде өзен арнасына мамандандырылған техниканың жүруі технологиялық жағынан қарастырылмаған. Себебі, кірме жолдар жоқ, сонымен қатар апатты жағдайда болған. Бүгінде жұмыстарға 2 шағын жүк тиегіш, экскаватор және ауыр техника жұмылдырылып отыр. Есептік деректерге сәйкес, Абай даңғылынан Сәтбаев көшесіне дейінгі учаскедегі тұнба мен құмның көлемі шамамен 3,5 мың текше метрді құрайды.

Айта кетерлігі, кірме жолдарда ауыр техниканың салдарынан болған залал мердігер ұйымның күшімен қайта қалпына келтіріледі. Қазіргі таңда тротуарды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Бұдан басқа, Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасы Есентай өзенінің әл-Фараби даңғылынан Рысқұловқа дейінгі арнасын күрделі жөндеудің жобасын әзірлеуде. Онда түрлі іс-шараларда арнаулы техниканы пайдаланудың технологиялық сызбалары қарастырылатын болады. Жоба аясында қала тұрғындарына ыңғайлы болу үшін өзен жағалауын абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, серуендеу аймағы ұйымдастырылады.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

КӨРМЕ



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

## Жасанды интеллект

Алматыда халықаралық  
роботтар көрмесі өтіп  
жатыр



Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

RoboPark – Еуропа мен ТМД елдерін аралаған балалар мен ересектерге арналған халықаралық роботтар көрмесі. Қазақстанда алғаш рет өтіп жатқан бұл ерекше көрмеде қаланың кез келген жастағы тұрғындары робот театрынан бастап, алғашқы робот-стендіне дейін 50-ден астам роботты, 5 шоууды көре алады.

Олар виртуалды шындықтың 7 аймағына енеді, шеберлік сыныптарына қатысады және квест форматында көрме тамашалайды. Көрме соңында балалар сертификат алады.

Интерактивті алаң заманауи жетістіктерді ұсынады. Көрмедегі роботтар көрме тамашалаушылармен сөйлеседі, билейді, сурет салады, тіпті айтқан тапсырмасын орындайды. Роботтардың арасында әртүрлі эмоция көрсететіні де бар.

Көрмеде әр сағат сайын экскурсиялар өтеді. Қызметкерлер роботтың ерекшелігін түсіндіреді. Робот-көрменің ерекшелігі сол, көрмеге келгендер роботтарды көріп қана қоймай, оларды басқара алады. Мысалы, қонақтар бір кездері роботтехника әлемін өзгерткен аңызға айналған ит Айбо роботтарымен ойнай алады. Көрме залындағы кейіпкерлермен танысқан кішкентай көрермендер үшін шеберлік сабақтары да ұйымдастырылған.

Бұл ерекше көрме Mart Village ойынауық орталығында 21 мамырға дейін болады. Мекенжайы: Рихард Зорге көшесі, 18, 2-қабатта. Жұмыс режимі: сейсенбіден жексенбі, сағат 10.00-ден 21.00-ге дейін өтеді.



ЭКОЛОГИЯ



## ЖЭО-2 ҚҰРЫЛЫСЫ жазда басталады

Биыл ЖЭО-2 жаңа газ станциясын жобалау және салу бойынша мердігер айқындалатын болады. Бұл туралы «Самұрық-Қазына» қоры қоғамдық кеңесінің отырысында «Самұрық-Энерго» басшысы Серік Түйтебаев айтты.

Холдинг басшысының айтуынша, ашық халықаралық тендердің бірінші кезеңі барысында 6 өтінім келіп түсіп, оның ішінде, қорытынды кезеңге 2 компания өткен. «Тендердің жеңімпазы осы жылдың екінші тоқсанында анықталады. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуы 2023 жылдың тамызына болжанып отыр», – деді ол.

Айта кеткен жөн, Алматының 2-ші жылу электр орталығын толық газға көшіру жұмыстары 2026 жылы аяқталады.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

AIR ASTANA

# ТУРИЗМ: СЕРПІЛІС БАР!

Алматыда Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті

«Kazakh Tourism», «Air Astana» және Оңтүстік Кореяның Ұлттық туризм ұйымы бірлесіп, туризм саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

Еліміз Корея Республикасымен іскерлік тығыз байланыста. Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою Қазақстан туризмінің одан әрі дамуына деген тағы бір қадам болмақ. Меморандумға қол қойған тараптар тәжірибе алмасуға және әріптестік қатынастарды нығайту арқылы туризм саласын дамытуға ниетті. Air Astana-ның маркетинг және сату жөніндегі вице-президенті Әдел Дәулетбек меморандум елдердің туристік және курорттық іс саласындағы ынтымақтастығын нығайтатынын, сондай-ақ туристік маршруттарды әзірлеу саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру үшін негіз болатынын атап өтті.

«Air Astana әуекомпаниясы өткен жылы Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасында 75 мыңнан астам жолаушыны тасымалдады. Биыл бірінші тоқсанның өзінде 20 мыңнан астам жолаушы әуе желілерінің қызметтерін пайдаланды. 2023 жылғы жазда Air Astana Оңтүстік Кореяға аптасына 6 рейсті Boeing ұшақтарымен орындауды жоспарлап отыр. Біздің ынтымақтастығымыз екі ел арасындағы жолаушылар ағынын одан әрі көбейтетініне үмітміз. Сонымен қатар, екі мемлекетте де визасыз режим жұмыс істейді, бұл туристер ағынын арттыруға ықпал етеді», – деді Әдел Дәулетбек.

Келісім тараптары туристік қызмет және инвестициялық мүмкіндіктер мәселелері бойынша ақпараттық алмасуды ұйымдастыруға, туристік қызметтер көрсететін ұйымдар арасында тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, меморандум шеңберінде туристер ағымы бойынша тиімді ынтымақтастық үшін кедендік, шекаралық және көші-қон мәселелері бойынша деректер алмасу жоспарлануда. Осы ынтымақтастық арқылы мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылы, сондай-ақ қауіпсіз туризм (Travel bubbles) құру жеке мәселе болып саналады.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Оңтүстік Корея Ұлттық туризм ұйымының президенті Ким Чан Сильдің айтуынша, Қазақстан – Оңтүстік Кореяға медициналық мақсатта туристерді жіберетін ірі елдердің бірі. Екі елдің тығыз байланысы мен тікелей әуе қатынасының арқасында қазақстандықтар елімізге медициналық туризм аясында ғана емес, саяхаттап келе алады. Корея үкіметі 2023–2024 жылдарды коронавирус пандемиясынан кейін шетелдік туристерді тарту мақсатында «Кореяға баратын жыл» деп жариялады. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты – корей мәдениетін насихаттау және туристік әлеуетті дамыту. Қазақстан өз кезегінде туризм саласын жандандыру үшін бар күшін салуда. Қазақстанның тарихы, мәдениеті мен ғажап табиғаты бар. Мұның бәрі Кореядан келетін туристерге қызық болары сөзсіз», – деп атап өтті Ким Чан Силь.

«Kazakh Tourism» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Аманбаев өз кезегінде меморандумды іске асыру үшін екі елдің туристік өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экотуризмді дамыту, туризм саласын ілгерілету және білім беру бойынша кешенді шаралар қабылданатынын мәлімдеді.

«Kazakh Tourism» оңтүстік корейлік әріптестерімен әріптестік қарым-қатынас орнатқанына өте қуанышты. Біз бүгінгі келісім аясында маңызды жобаларды іске асыру үшін дереу жұмыс тобын құрамыз», – деді Талғат Аманбаев.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

## ҚОСЫМША 15 ҚЫЗМЕТ

Тұрғындар енді өз мәселелерін аудан көлемінде шеше алады

Алматы қаласының әкімдігі 1 сәуірден бастап аудан әкімдіктеріне қосымша 15 функция берілгені және аудан бюджеттерінің артқаны туралы хабарлаған болатын.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Досбол  
АТАЖАН

Дегенмен, қала тұрғындары шаһар басшысының халықпен кездесулеріне келіп, аудан көлемінде шешілетін сұрақтарды қайта-қайта қойып жүр. Бұл мәселе Алматы қаласы әкімінің Әуезов ауданы тұрғындарымен кездесуінде де қозғалды.

– Мен «Жетісу-1» шағынауданы, 20-үйде тұрамын. Ауламызда қарашадан бері жөндеу жұмыстарынан қалған қоқыстар әлі жатыр. Қыс мезгілі болғандықтан оны жинау да қиын деп ойладық. Қазір көктем келді, бірақ қоқыс жиналған жоқ. Қазір олар өз жұмыстарын істеп жатыр. Екінші, ит мәселесі. Соған бір шара қолдансаңыз, – деп тұрғын сауал жолдаған еді.

– Айтылған сұрақтарыңызды шешу 1 сәуірден бастап аудан әкімінің қарауында болады. Өткен жылдары аудан әкімдіктерінде өздері шешім қабылдау үшін бюджет, тиісті

функциялары болған жоқ. Сондықтан осы жылы сіздікі секілді сұрақтарды тез шешу үшін бәрін өз қолдарына бердік, – деді қала басшысы.

Осы орайда, қала тұрғындарының қандай да бір сұрақтары жылдам әрі тиімді шешілуі үшін аудан әкімдіктеріне берілген 15 функцияны естеріңізге сала кетейік:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету;
- 2) спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру;
- 3) автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу;
- 4) тұрғын үй көмегі;
- 5) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 6) жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету;
- 7) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру;
- 8) белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу;
- 9) жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру;
- 10) мүгедектігі бар балаларды қоса алғанда, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру;
- 11) халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;
- 12) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 13) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы өзге де қызметтерді іске асыру, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру;
- 14) коммуналдық меншіктегі сумен жабдықтау, кәріз, кәріз сорғы станцияларының тарату желілерін, газбен жабдықтау және жарықтандыруды жобалау, салу, реконструкциялау, күрделі жөндеу және модернизациялау;
- 15) тұрғын үй қорын инвентаризациялау.

Яғни қазіргі уақытта қала тұрғындары кезекте тұрып қала әкімдігінің табалдырығын тоздырмай, бұл сұрақтарды тікелей аудан әкімдіктеріне жүгініп шеше алады. Сондай-ақ, оқырмандарымыз өздерін мазалайтын өзекті мәселелерді e-otinish порталы арқылы қала және аудан әкімдіктеріне жолдай алатынын ескертеміз.

Айта кетерлігі, жаңа функциялардың берілуіне байланысты аудан әкімдіктерінің штат саны 152 маманға ұлғайып, оның 56-сы (8 ауданның әрқайсысына 7-ден) – бұл қосымша штат бірлігі, 96 қызметкер функцияларды қайта бөлгеннен кейін басқармалардан аудан әкімдіктеріне ауысты.

Айтылған өзгерістердің барлығы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру жөніндегі тапсырмасы аясында іске асырылды.

АЛМАТЫ СУ



## ҚҰБЫРЛАР ЖӨНДЕЛДІ

Түрксіб ауданындағы  
апатты жою жұмыстары  
аяқталды



Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Түрксіб ауданында ірі су құбыры бойында апатты жағдай орын алуы салдарынан автокөліктер жүретін Рысқұлов даңғылының жүру бөлігінің Герцен көшесімен қиылысу аумағындағы екі жолағы қозғалыстың батыс жағына қарай уақытша жабылып, сол аймақтағы бірқатар ғимараттар мен үйлерге су беру тоқтатылған болатын. Аталған мекенжайлар мен шағынаудандарға автоцистерналармен су тасымалдау жүзеге асырылған-ды. Ал қаланың басқа аудандарында суды өшіру жоспарланбаған.

«Алматы Су» МКК апаттық бригадалары Герцен көшесі бойымен тартылған Д=500 мм магистральдық су құбырында қалпына келтіру жұмыстарын орындады. Апаттық жағдайды жою жұмысына 16 техника жұмылдырылған. Айта кетейік, Герцен көшесі бойымен өтетін магистральдық су құбыры 1962 жылы пайдалануға берілген. Сала мамандарының айтуынша, Алматы қаласының қолданыстағы инженерлік инфрақұрылымының желілері ғана емес, сонымен қатар объектілер жабдықтарының да айтарлықтай тозығы жеткен. Сумен жабдықтау желілерінің ұзындығы 3528 шақырымды құрайды, оның ішінде 1941,2 шақырым желі ауыстыруды қажет етеді.

Бүгінде аталмыш аудан бойынша сумен жабдықтау желілеріндегі ірі апатты жою жұмыстары аяқталды. Кеше кешкілік сағат 18.00-ден бастап аудан құбырлары бойынша су жіберіле бастады. Енді құбырды толтыру және жүйенің қысымын реттеу жұмыстары жүргізілуде. Алдағы бірнеше сағатта тұтынушыларға су толығымен беріледі. Мамандар үйдегі сантехникалық құрылғыларды ашып, су толығымен тазарғанша ағызып қоюға кеңес береді.



## ● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ:

# ҚОҒАМ БІЗДЕН НАҚТЫ ЖӘНЕ ПӘРМЕНДІ ШАРАЛАР КҮТЕДІ

## Өмір сүру сапасы айтарлықтай жақсаруы тиіс

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың алдына бірқатар негізгі мақсат-міндеттерді айқындап берген еді. Осыған орай, Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен алқалы жиында Президент тапсырмаларын жүзеге асыру шаралары қаралды.

Жиында өздері жетекшілік ететін салалар бойынша министрліктер басшылары тапсырмаларды орындау бағдарлары жайлы баяндама жасады. Солардың бірқатарын оқырмандарымыздың назарына ұсынамыз. Сонымен...

### ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

#### Ұлттық экономика министрлігі

Министр Әлібек Қуантыров инфляцияны төмендету мақсатында Ұлттық банкпен бірлесіп өзектендірілген тиісті Кешенді жоспарды іске асыру жалғасатынын мәлімдеді. Ішкі нарықты отандық өніммен толтыру арқылы азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға басты назар аударылатын болады. Қазіргі кезде электрмен, жылумен, сумен қамтамасыз ету және су бұру жүйелерінің тозуын азайту мақсатында «Тарифті инвестицияға айырбастау» қағидатына көшу жұмыстары басталды. Бүгінгі таңда тарифтерді өзгертудің барлық құқықтық негіздері қалыптастырылды. Барлық тұтынушылар үшін коммуналдық қызметтердің әділ құнын қамтамасыз ету мақсатында тұтынушының әлеуметтік нормасын енгізу тетіктері әзірленетін болады.

Әкімшілік реформа бойынша жұмыс жалғасады. Мәселен, 2023-2024 жылдары аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің тікелей сайлауын пилоттық режимде, ал 2025 жылдан бастап – барлық жерде өткізу жоспарланып отыр.

#### Сауда және интеграция министрлігі

Бағаны тұрақтандыру мәселелері бойынша жұмыстың негізгі бағыты өнімсіз делдалдарды анықтау және болдырмау мақсатында өнім өндіруден сатуға дейінгі баға белгілеу тізбегін талдауға бағытталған. Жыл басынан бері 132 делдалдық схеманың жолы кесілді. Сонымен қатар, ӘМАТ бағасының мониторингін процесін автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Нәтижесінде әрбір ӘМАТ бойынша баға белгілеу процесі ашық болады, бұл онлайн-режимде өнімсіз делдалдар мен алыпсатарларды анықтауға мүмкіндік береді.

#### Энергетика министрлігі

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында Екібастұз энергия торабын кешенді түрде жаңғырту шамамен 3 ГВт жаңа генерацияны енгізуге мүмкіндік бермек. Экономиканың электр энергиясына өсіп келе жатқан қажеттілігін өтеу үшін 2035 жылға дейін 17,3 ГВт жаңа қуаттар енгізілетін болады. Сондай-ақ, министр Алмасадом Сәтқалиев дизель отынының жалпы қорының 370 мың тоннаға дейін ұлғайтатын, бұл елдің 21 тәуліктік қажеттілігін өтеуге жеткілікті екенін атап өтті. Тұтастай алғанда, нарықтық экономикаға қарай қабылданған бағдар мұнай өңдеу зауыттарының техникалық қайта жарақталуы мен сенімділігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ саланың инвестициялық тартымдылығын арттырады.

#### Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

2029 жылға қарай республикада 147 мыңға жуық жұмыс орнын құру арқылы жалпы сомасы 33 триллион теңгеден асатын 800-ден астам инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Оның ішінде 22,1 мыңға жуық жұмыс орнын құру арқылы жалпы құны 3,1 триллион теңгені құрайтын 122 жоба қосылған құны жоғары тауарлар шығаруға бағытталған. Бұл – машина жасау, құрылыс индустриясы, жеңіл өнеркәсіп және металлургия салаларындағы жобалар. Жергілікті атқарушы органдар қажеттіліктерді ескере отырып, коммуналдық инфрақұрылымды салу мен күрделі жөндеудің өңірлік жоспарларын әзірлейтін болады. Әртүрлі қаржыландыру көздері есебінен 2029 жылға



## ● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

- Негізгі міндеттерінің бірі – инфляцияны биылғы жылдың соңына дейін 2 есе төмендету.
- Барлық өнімсіз делдалдық схемаларды жою жұмысы жанданады.
- Шағын және орта бизнеске қолжетімді несие беріледі.
- Жұмысты ашық жүргізетін кәсіпкерлерге қарыз беру бойынша шешімдер қабылдау процесі оңайлатылады.
- Суды үнемдеп тұтыну қағидатын енгізу бойынша ауқымды жұмыс қолға алынуда.
- Қараусыз иттердің мәселесін шешуде заңнамаға тиісті түзетулер әзірленеді.
- Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау шаралары күшейтіледі.
- Медициналық қызметтерді қаржыландырудың ашықтығы мен тиімділігі қамтамасыз етіледі.
- Е-Денсаулық жүйесін іске қосу жеделдетіледі. Денсаулық сақтаудың барлық жүйелері интеграцияланады.
- Отбасының цифрлық картасына келіп түсетін мәліметтерді өзектендіру бойынша заңнамалық нормаларды әзірлеу жөнінде пәрменді шаралар қабылданатын болады.

қарай коммуналдық желілердің тозу деңгейін 40%-ға дейін төмендету жоспарлануда.

Бүгінгі таңда 4900 ауыл сумен жабдықтау қызметтерімен қамтылған. 2025 жылдың соңына дейін қалған 1395 ауылдың мәселесі шешіледі. Бұл сумен қамтамасыз етудің еліміз бойынша көрсеткішін 100%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта республикалық маңызы бар қалаларда халықаралық тәжірибені ескере отырып, ғимараттардың сыртқы келбетінің бірыңғай сәулеттік стилін, аумақтарды көгалдандыру мен абаттандыруға қойылатын талаптарды сақтауды қамтамасыз ететін кешенді дизайн-жобаларды әзірлеу басталған.

#### Ауыл шаруашылығы министрлігі

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, қазіргі уақытта «Айналым схемасын» іске асыру процесіне Азық-түлік корпорациясын сенімгер агент ретінде тарту мәселесі пысықталуда, бұл әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру тетіктерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қосымша ішкі азық-түлік нарығындағы ахуалды тұрақтандыру мақсатында субсидиялау тетігіне жаңа норма енгізіледі, оған сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап пилоттық режимде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын немесе оларды өндіру үшін шикізат өндірумен айналысатын субсидия алушылар нарықтық бағалар бойынша ішкі нарықта өнімді өткізу бойынша қарсы міндеттемелерді өзіне алуға тиіс.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: primeminister.kz).

## ● ТҮЙІН:

«Тұрғындардың шағымдарын әлеуметтік ишеленіске дейін жеткізбей, байыпты түрде шешу керек. Бұл, әсіресе, денсаулық сақтау, білім беру және еңбек қатынастарына қатысты. Бұған Азаматтарды қабылдаудың бірыңғай орталықтары ықпал ететін болады. Мемлекеттік органдардың біріінші басшылары халықтың проблемаларын шешу үшін осы ресурсты тиімді пайдалануы тиіс. Мемлекет басшысы Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың алдына бірқатар негізгі мақсат-міндеттерді айқындап берді. Оларды тиімді шешу үшін біз ең маңызды деген салаларда реформаларды іске асыруымыз керек. Реформалардың түпкі нәтижесі халықтың табысын ұлғайту, жайлы өмір сүруге жағдай жасау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және адамдардың жан-жақты дамуы үшін мүмкіндіктерді кеңейту арқылы азаматтардың тұрмыс сапасын барынша жақсарту болуы тиіс. Барлық өзгерістерді іске асыру мақсатында қуатты нарықтық экономиканы белсенді дамыту қажет. Қазіргі жағдайда біз нақты нәтиже көрсетуіміз керек, қоғам бізден нақты және пәрменді шаралар күтеді», – деп түйіндеді сөзін Премьер-Министр.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ALMATY CLEAN &amp; GREEN

# ҚАЛА ТА ЗАРМАЙ,

## Алматыдағы жалпықалалық сенбілікте 15 мың текше метр

(Басы 1-бетте)

Қазіргі таңда экология мәселесі тек біздің елде ғана емес, дүние жүзінің алаңдаушылығын туғызып отыр. Осынау айтулы күн аясында Алматы тұрғындары да қалалық әкімшіліктің қолдауымен «Almaty Clean & Green» атты экологиялық акцияға қатысты. Бұл күні шаһар басшысы Ерболат Досаев Баум тоғайы мен Медеу ауданындағы экоакцияға қатысып, тұрғындармен бірге қала тазалығына атсалысты. Өз сөзінде шаһар басшысы тұрғындарды қаланың әсем келбетін сақтап, қоршаған ортаны қорғауға шақырды. Табиғатты аялау үшін мұндай акциялардың тұрақты дәстүрге айналуы керек екенін де баса айтты.

Сонымен, жалпықалалық сенбілікке 82 мыңнан астам қала тұрғыны қатысып, 5 мың ағаш көшеті отырғызылып, 15 мың (м³) текше метрден астам қоқыс жиналды. Барлық қоқыс қалдықтары қаптарға салынып, арнайы техникамен қала сыртындағы полигонға жөнелтілді.

Сенбілік барысында қыс бойы қар астында қалған жапырақтар, қураған ағаш қалдықтары, басқа да зиянды қалдықтар жиналып, төңірек тап-таза болды.

Экологиялық акцияны амбассадорлар, танымал әртістер бірауыздан қолдап, мұндай іс-шараға өздерінің қашан да дайын екендіктерін жеткізді.

— Бүгінгі акцияға қатысып, өзім де сергіп қалдым. Бұл бір керемет акция болды. Ең бастысы, сүйікті қаламыз тазарып қалды. Біз тек елімізде ғана емес, бүкіл әлемде экология мәселесінің қаншалықты өзекті екенін білеміз. Сондықтан «Almaty Clean & Green» акциясына қатысып, тал егіп, үлесімді қосқанымға қуаныштымын. Күні ертең отырғызған жас шыбығымыз шынарға айналары анық, — дейді «Джулия» мюзиклінің ұжымымен акцияға қатысқан, «A'Studio» тобының продюсері Байғали Серкебаев.

Ал Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, акын Мұратқан Шоқан қала тазалығына, әсіресе, жастардың белсенді қатысқанына ризашылығын білдірді. «Қала тазалығына жастардың көптеп қатысуы, жауапкершілікпен қарағаны қуантады. Халқымыз ежелден-ақ көктем келсе үйін әктеп, ауласын тазартып, көрпе-қоңын жайып жатады. Алматы да бәріміздің ортақ үйіміз емес пе? Сенбілік дегеніңіз — тазалық. Тазалық бар жерде жұмыс та, табыс та болады. Біз тек сенбілік күні ғана емес, күнделікті өмірде де осыны ұстануымыз керек», — деді ол.

Жалпықалалық сенбіліктің өтуіне «Posadiderevo.kz» РҚБ, ECONETWORK, «Қазақстанның көгалдандырушылар қауымдастығы», «Спорттық туристер достастығы» ҚҰ, «Greenup.kz» ҚҚ ұйытқы болып, әлеуметтік желілерде акцияны заманауи форматта өткізуге шақырып, үлкен қолдау білдірді.

Қала әкімшілік сенбілікке келгендерді қолғап, тырма, күрек, қап сияқты қажетті заттармен қамтып, ыстық бауырсақ, түрлі сусындар таратты. Сондай-ақ, 5 мың ағаш көшетімен де қамтылды. Тазалық тойына қатысушылар арасында спорттық жаттығу, йога, зумба, шеберлік дәрістері, флешмоб ұйымдастырылып, үздіктерге жүлделер берілді.

Жалпы, экobelсенділер тазалық акциясы үшін Түркісіб, Жетісу және Медеу ауданынан негізгі төрт орынды белгілеген еді. Қоғам белсенділерінің бастамасына аудандық әкімдіктер де үн қосып, қолдау білдірді. Аталмыш ауданның қызметкерлері барлық саламен бірлесіп, сенбілікке шықты. Акция барысында қаланың барлық ауданында 26 аумақ тазартылды.

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Татьяна АНТОНЕНКО,  
«Қазақстанды көгалдандыру»  
қауымдастығының президенті:

#### Ағашқа дұрыс күтім жасау керек

Қауымдастық 2015 жылдан бері жұмыс істейді. Біз көгалдандырумен айналысамыз. Қазір біздің қатарымызда тек Алматы ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша жүзден астам компания бар. Қауымдастық бірнеше сала мамандарын біріктіріп отыр. Біз қала әкімдігімен тығыз байланыс орнатып қана қоймай, жасыл желек бойынша ережелерді бірлесіп әзірлеу, консультациялық көмек көрсету жұмысына атсалысып, сондай-ақ осы тектес акцияларды өткізуде өзіміздің кәсіби көмегімізді ұсынамыз. Бүгін 200 акция ағашы отырғызылды. Біздің мамандар бұл ағаштарды қалай дұрыс егіп, оны баптау керектігін айтып қана қоймай, бүкіл процесті бақылайды. Өз бетімен ағаш отырғызғысы келетін белсенділерге ең әуелі қалалық әкімдікке, соның ішінде Экология және қоршаған орта басқармасына хабарласу керектігін айтамыз. Басқарма көмек көрсетіп, жер бөліп қана қоймай, бірқатар ұсыныс та береді. Бұл ретте ағаш егу жеткіліксіз. Оған дұрыс күтім де жасай білу керек.

Болат ҚҰРЫМБАЕВ,  
«Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан  
ақиқаты» Республикалық қоғамдық  
бірлестігінің төрағасы:

#### Егілген талдарға камқор боламыз

Жалпықалалық сенбілікке бүкіл жастар, студенттер, желтоқсаншылар — әр ұйымнан келіп, ағаш отырғызып, қоқыс жинап, қала тазалығына үлес қосып отыр. Бұл — керемет бастама. Меніңше, енді тек саябақ аумағын емес, әркім өзінің үй алдынан тазалап, жастарға үлгі-өнеге көрсетуіміз қажет. Әрбіріміз табиғатты аялайтын болсақ, экологиямыз жақсы болады деген ойдамыз. Осыған әркім үлес қосуы керек. Енді бұл «Желтоқсан» саябағы деп желтоқсаншыларға арналғаннан кейін келешекте облыстан, қаладан келіп егілген талдарға су құйып, жыл сайын қарап тұрамыз.

Назира ТОҒЫЗБАЕВА,  
Алматы қалалық Жұмыспен қамту және  
әлеуметтік бағдарламалар басқармасының  
басшысы:

#### Тазалықты өзімізден бастайық

Ұйымдастырылған іс-шара қаламыз үшін үлкен мереке деп айтсақ та болады. Көктем келгенде барлығымыз да белсенді жұмыстарға кірісеміз, үйімізді жинап, ағаш отырғызып, көшелерді тазалаймыз. Бұл сенбілік акциясы қаламыздың қыстан кейін тазарып, көркеюі үшін қажет. Қаламыздың тұрғындарына айтарым, ең алдымен тазалықты өзімізден бастауымыз керек. Қоқыстарды жинап, арнайы жәшіктерге салып жүрсек, мұның өзі сүйікті қаламыздың таза болуы үшін үлкен көмек болады.

Қуаныш СЕЙТІМБЕТОВ,  
Жетісу аудандық көріктендіру  
бөлімінің басшысы:

#### Тамшылатып суару жұмыстарын ұйымдастырамыз

Сенбілікке 300-ге жуық мекеме қатысты. Олардың қатарында Жетісу аудандық әкімшілік аппараты, мемлекеттік қызметкерлер, аудандағы оқу бөлімдері мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, жоғары оқу орындарының студенттері бар. Жалпы, жыл басынан бері Жетісу ауданында 800-ге жуық ағаш көшеті отырғызылды. Ендігі мәселе осы көшеттерді күтіп, баптап, ағаштардың жайқалып өсуіне жағдай жасау керек. Жақын күндері тамшылатып суару жұмыстарын ұйымдастырып, арнайы құрылғыларды орнататын боламыз.

Нұрлан СЕЙТБЕКОВ,  
Алматы қалалық Экологиялық  
басқармасының бас маманы:

#### Жастардың белсенділігі қуантады

Сенбілікте қалалық Көгалдандыру қауымдастығының мүшелері мен 200 ерікті ерекше белсенділік танытты. Қаламыздағы барлық ЖОО студенттері мен басқа да құрылым өкілдері атсалысып жатыр. Әсіресе, қаланың тазалығына жастарымыздың ерекше ден қойып жатқаны бізді қуантип отыр. Сенбілік соңында ең белсенді қатысқан еріктілерге планшет, смарт-сағат, т.б. бағалы сыйлықтар табыс етеміз. Естелік сыйлықтарымыз да бар.

Бақтияр ТАЙЛАҚБАЕВ,  
ҚР еңбек сіңірген әртісі:

#### Алматы жасыл желегімен ерекше

Әсем Алматыда үлкен сенбілік өтті. Біріншіден, осындай шараны ұйымдастыруға көмектескен әкімшілікке, шаһар басшысы Ерболат Досаевқа алғысымды білдіремін. Бұл өте жақсы бастама, жыл сайын өткізіледі. Алматы жасыл желегімен ерекше қала. Бірақ алмаларымыз азайып бара жатыр. Бірақ ғылым арқылы бұл мәселені шешіп, Алматы деген атымызды қайта шығара аламыз деп сенемін. Енді мен қала тұрғындары мен азаматтарды тек ұйымдастырылған сенбілікте ғана жиналмай, өздері де бас қосып, көршілер болып, үй маңында тал егуге шақырамын. Жыл сайын адамдар осылай ағаш егіп тұрса, біздің қаламыз одан сайын көркейеді.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

# САНА ТА ЗАРМАЙДЫ

ҚОҚЫС ЖИНАЛЫП, 5 МЫҢ КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Данияр ЖОЛДАСБАЕВ,  
«Posadiderevo.kz» ұйымының өкілі:

### Ағаш отырғызу – сауапты іс

Біздің ұжым бұл сенбіліктен қалыс қалған жоқ. Қолдан келгенше сенбілікке тегін көшеттер үлестірдік. Алматы қаласының әкімдігімен осы бір игі бастаманы қолға алдық. Әкімдік тұрғындарға тегін су, қолғап, жейде үлестірді. Келген адамдар алдымен көшеттерді отырғызды, кейінірек қоқыстарды қаптарға жинады. Осылайша жасыл желекті көбейтіп, ауланы тазартуды қолға алды. «Ағаш отырғызу – сауапты іс» демекші, әр тұрғынның белсене араласқаны көңіл қуантады. Қаламыз көркейіп, жасыл желекке оранғанына күш салуымыз керек. Алдағы уақытта қаламызда осындай заманауи жалпықалалық сенбіліктер үнемі ұйымдастырылады деген сенімдемін.

Ерден САЙЫНҰЛЫ,  
№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжінің Оқу-ағару әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары:

### Қоршаған ортаны таза ұстау маңызды

Желтоқсан саябағында ұйымдастырылған сенбілікке колледжімізден 100-ден астам студент келді. Сондай-ақ, 10 шақты ұстаз да табиғатымызды аялауға белсенді атсалысты. Іс-шара өте көңілді ұйымдастырылды. Музыка ойналып, жастар би билеп, ән шыркады. Жастарымыз естелікке футболка алды. Студенттеріміз өз қолдарымен ағаш отырғызып, мәз-мейрам болды. Әрбір тұрғын өз ауласын таза ұстап, ақтап, сырлап отырса, қалаға келген қонақтардың да құрметі арта түсер еді.



Индира ЕСІМБАЕВА,  
қала тұрғыны:

### Табиғатқа қамқорлық қажет

Желтоқсан саябағындағы сенбілікке балаларымды алып келдім. Кішкентай кездерінен табиғатты аялап, игі істерге атсалыссын, үйренсін деген ниетіміз бар. Балаларымның көңіл күйі көтерілді, табиғатқа пайдасын тигізгеніне қуанышты. Сенбілік туралы естіген сәттен бастап, өздері де барамыз деді. Таңнан бері дайындалды. Жалпы, мұндай игі акцияға қатысқандарын жөн деп санаймын. Енді отбасымызбен мұнда демалуға келгенде, біздің еккен ағаштарымыз деп естеріне алып жүреді. Табиғатқа қамқорлықпен қарайтын болады.

Қарақат ЖАЙЛАУБАЕВА,  
қала тұрғыны, «Либерти» еріктілер командасының өкілі:

### Әлем тазалықты қолдайды

Біз бүгін көтеріңкі көңіл күймен өзімізге берілген аумақты әп-сәтте тазартып шықтық. Мұндай тазалық акцияларына жиі қатысып отырамыз. Өзім Мемлекеттік бизнес колледжінде оқимын. Мұндай тазалық акциясы біздің колледжде де болып жатыр. Туған қаламыз тап-таза, жасыл желектері көп болғанын қалаймын. Қа-

раусыз қалған жан-жануарларды да қамқорлыққа алғым келеді. Жақында мысығымды жоғалтып алдым. Сондықтан болашақта табиғат пен үй жануарларына қолдау көрсететін боламын.



Махаббат СҰЛУБОЛАТОВА,  
қала тұрғыны:

### Алғаш рет ағаш отырғыздым

Мен бүгін осы сенбілікке жүрегімнің қалауымен келдім және өмірімде алғаш рет ағаш отырғыздым. Алған әсерім өте керемет. Мен өзімізді қаламыз үшін және өзіміз үшін пайдалы нәрсе жасағандай сезіндім. Менің басқа да көптеген досым бүгін осында. Көңіл күйіміз өте керемет. Біз ашық аспан астында, таза ауада «жасыл команда» құрудың ләззатын алдық десем де болады. Ұйымдастырушыларға керемет іс-шара үшін үлкен рахмет айтқым келеді. Аумақта қоқыс аз болды, біз жерде жатқан жапырақтарды тез-ақ тазалап тастап, ағаш отырғызуға бірден кірісіп кеттік. Акцияның жалғасы таба берсін деп тілеймін.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

## Әншілер де ағаш отырғызды

Алматыдағы жалпықалалық сенбілікке қала тұрғындарымен бірге, танымал эстрада әншілері, қоғам белсенділері қатысып, үлес қосты.

– Қаламызды көгалдандыруға, тазалауға үнемі осылай үлес қосып отыруымыз керек. Өзіміздің тұрып жатқан әсем мегаполиске қолымыздан келгенше тал егіп, қызмет атқарып жатырмыз. Бәрі бірден болмайды, осылай ақырын-ақырын гүлдене береді деп ойлаймын. Жастардың қарасы көп, олардың келгені жақсы. Олар өздерінен кейін інілеріне, балаларына «тазалық сақтайық» деп айтып жүреді. Өз еңбегімен еккен соң, еңбектің бағасын біледі. Бір айтарым, қаламызды таза ұстайық! – деді танымал әнші Мақсат Базарбаев.

Сондай-ақ, Желтоқсан саябағында тал еккен адамдардың қатарында әнші Өктем Алтай да болды.

– Қала бойынша сенбілікке жиналып, сондай бір керемет мерекенің, мейрамның үстіне келіп жатқаныма өте қуаныштымын. Көңіл күйіміз өте жоғары. Өйткені, қолға күрек ұстаған кезде бойда қан тарап, атқа мінген қазақ құсап делебең қозады ғой. Бала кездегі ұстаған күректі қазір де ұстап, қаланың тазалығына, жалпы табиғатымыздың өсуіне, ағаштардың жапырақ жаюына үлес қосып, тал егіп жатқан жайымыз бар. Қазақ «Бір тал кессен, он тал ек» деп айтады ғой, халық арасында Желтоқсан саябағында тал еккеніме қуаныштымын, – деді ол.

## Жастар қала тазалығына атсалысты

Желтоқсан саябағындағы сенбілікке жоғары оқу орнынан 200-ге жуық студент келді.

– Менің атым – Нұрғазы. Осы Алматы қаласы Жастар ресурсы орталығы Түркісіб ауданы филиалының төрағасымын. Сенбілік өтеді деген соң, ерікті түрде университетіміздің белсенді студенттерін жинап, саябаққа келдік. Сенбілік жоғары деңгейде өтті. «Жігіттің бір парызы – ағаш отырғызу» дейді, сол өзіміздің бір парызымызды бүгін орындадық. Сонымен қатар, жігіттеріміз ең белсенділерге берілетін сыйлық үшін барын салды. Мен өзін 3 ағаш отырғызып үлгердім. Жалпы, университетімізден 200 студент келді, – деді Алматы қаласы Жастар ресурсы орталығы Түркісіб ауданы филиалының төрағасы Нұрасыл Аманғазыұлы.

## 1000 қап қоқыс жиналды

Желтоқсан саябағы аумағын тазалап, 250 қап қоқыс жинаған Қазақ ұлттық аграрлық университетінің өкілдеріне смартфон сыйланды.

Ал 200 қап қоқыс шығарған Азаматтық авиация академиясы студенттеріне смарт сағат берілді. Сондай-ақ, жүз-жүзден қап жинаған «Желтоқсан ақиқаты» Республикалық ҚБ мен «Mary Kay» компаниясының өкілдеріне арнайы сертификаттар табысталды. Сонымен қатар, сенбілік барысында белсенділігімен көзге түскен жеке тұрғындарға да бағалы сыйлықтар берілді.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы өкілдерінің есептеуінше, жалпы Желтоқсан саябағында 1000-нан астам қоқыс қабы жиналған.

Бетті әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР,  
Досбол АТАЖАН,  
Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ.



## ● БӘРЕКЕЛДІ!

АЛМАТЫЛЫҚ  
ОҚУШЫЛАР ОЛЖАМЕН  
ОРАЛДЫ

Еліміздің мектеп оқушылары Американың Хьюстон қаласында роботтехникадан өткен чемпионатқа қатысып, бірнеше жүлдемен оралды.

«FIRST World Championship» деп аталатын дүниежүзілік чемпионатқа қатысу – әрбір жасөспірімнің арманы. Біздің елімізден барған оқушылар өз шеберліктерін көрсетіп, бірден үш номинация бойынша жүлдеге ие болды.

Осы жарысқа Алматы қаласының атынан қатысқан 6 жас пен 10 жасқа дейінгі ең жас санаттағы «Adeptus Mechanicus» командасы жоғары ынта-жігері, ынтымақтастық рухы және өзара сыйластығы үшін «Core Values Award» ерекше марапатын иеленсе, бастауыш сынып оқушыларының инновациялық жобасы мен техникалық әзірлемелері қатысушылар арасында ең үздік деп танылды. Play 4 Energy командасы LEAS мектебінің оқушылары 10–16 жас аралығындағы орта санаттағы Robot Design Award жоғары техникалық сыйлығын иеленді. Олар күрделі тапсырмаларды орындай алатын берік және тиімді робот жасау арқылы тамаша бағдарламалау және инженерлік дағдыларды көрсетті.

12 жастан 18 жасқа дейінгі жоғары санаттағы Motivate Award Finalist төрешілердің ерекше марапатына Алматы қаласының республикалық физика-математика мектебінің AENTA командасы иеленді. Бұған дейін де оқушылар тегін фестивальдар мен тренингтер өткізіп, өз құрдастарына роботтехника мен бағдарламалау негіздерін таныстырған болатын.

## ● ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

РОБОТТЕХНИКА –  
XXI ҒАСЫР ҒЫЛЫМЫ

Шетелдік ғалымдардың қатысуымен тәжірибелік семинар өтті

Алматыға STEM және роботтехника саласындағы әлемге әйгілі сарапшы, KAIST инженерлік бағдарламаларының авторы, профессор Но Квангсу келді. Корея ғылым және озық технологиялар институты QS World University Rankings–2023 әлемдік рейтингінде 42-ші орында. KAIST (Корея ғылым және озық технологиялар институты) KAIST Samsung, Nago ғарыш орталығы және корейлік технология алпауыттары үшін мамандар даярлайды, ғылыми зерттеулер жүргізеді.



Қазақ білімінің қарашаңырағы Абай атындағы Ұлттық университет ұжымы профессор Но Квангсумен workshop өткізді. Шараға университет ректоры Дархан Біләлов, университет оқытушылары мен студенттері қатысты.

Корей роботтехникасының айтулы маманы өз сөзін Абай университетіне арнайы келген сапары туралы бастады. Сапардың басты мақсаты – IoT (Internet of Things) жүйелері бойынша қазақстандық ғалымдармен бірлескен зерттеулердің ауқымын анықтап, екі ел арасында тығыз байланыс орнату.

Университет ректоры іс-шараның маңыздылығын айта келе, өркениетті елдердің экономикалық өрлеуінің негізі технологиялық даму екеніне тоқталды.

– Бұл күні біздің еліміз АҚШ, Оңтүстік Корея және Жапония сияқты мемлекеттердің тәжірибесін пайдалана отырып, өзінің технологиялық дамуында дәйекті қадамдар жасауда. Дегенмен, бұл саладағы басты мәселе мамандар тапшылығы болып отыр. Сондықтан біз роботтехника саласына және оқу үдерісіне STEM жүйесін енгізуге кеңінен көңіл бөлуге тырысамыз, – деді Д.Біләлов.

Өз кезегінде Но Квангсу KAIST-тің жасанды интеллект, роботтехника және киберқауіпсіздік саласындағы соңғы жаңалықтары туралы айтты. Сонымен қатар, бағдарламалау және жасанды интеллектті дамыту бойынша тәжірибелік семинарлар өткізді. Оқу орнының ұжымы айтулы ғалымның сабағы барысында жаңа дағдылар туралы білімдерін толықтырды. Басқосу барысында еліміздегі мектептерде роботтехника мен STEM-ді оқытуда үш негізгі мәселе тұрғаны, сапалы оқу бағдарламасының жоқтығы, сапалы оқу бағдарламасын жеткізетін мұғалімдердің жетіспеушілігі мен оқу материалдарының қолжетімсіздігі туралы айтылды. Жалпы, бұл workshop студенттер мен оқытушылар үшін өте пайдалы болды. Кездесу соңында Дархан Біләлов профессор Но Квангсуға, ұйымдастырушылар Elite Education Group International бас менеджері Джон Кимге, «Elite Education Group Kazakhstan» ЖШС директоры Талғат Игісіновке, Абай университетінің KazDual обсерваториясына алғысын білдіріп, мұндай шаралардың университет пен студенттердің ғылыми әлеуетін дамытуға зор ықпал ететіндігін атап өтті.

## ● АССАМБЛЕЯ

Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Аналар кеңесі» кезекті «Қайырымдылық керуені» акциясын өткізді. Осынау қайырымдылық іс-шарасы біздің қоғамда талай жүрегі жомарт, қайырымды жандардың көп екенін дәлелдей түскендей. Әсіресе, әлемдік індет кезінде қолындағы барымен бөлісіп, қиын-қыстауда көмекке келген жандардың кеңдігіне, мол мейірімін тәнті болғанымызды қалайша ұмытуға болады. Ал ешқандай байқауға қатыспай-ақ, қайырымдылық танытып жүрген жандардың сауапты ісіне алғыстан басқа айтарымыз жоқ.



## «ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ»

Қасиетті Ораза айт құрметіне Алматы қаласында тұрып жатқан дүнген ұлтының өкілдері Әлеуметтік әлауқат басқармасына қарасты «Аяла» әлеуметтік қызметтер орталығында болып, арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді қажет ететін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға теледидар сыйға тартты.

– Исі түркі халқына ортақ «АЯЛА» сөзі бейнелі мағынада адамның аялы алақанын, жылы жүрегін, қамқор көңілін білдіреді. Осы бір жылы сөз тілі басқа, тілегі бір, жүзі басқа жүрегі бір барлық жаны ізгі жандардың басын біріктіріп, жүрегіне иман құйғандай.

«АЯЛА» орталығы емделіп жатқан барлық баланың жан-жақты дамуына, білім алып, қоғамның

бір мүшесі ретінде сауығып кетуіне зор мүмкіндік жасап отыр. Олардың жүзінен қуаныш, өмірге деген құштарлықты, әсіресе ата-аналарының, тәрбиешілері мен қызметкерлердің қуанышын көру біз үшін үлкен бақыт болды, – дейді Алматы қаласы «Дүнген аналар кеңесінің» төрайымы Римма Масырова.

Өз кезегінде Алматы қаласы ҚХА «Аналар кеңесінің» төрайымы Махинур Исрайлова алдағы уақытта да орталықпен тығыз байланыс орнатып, көмек қолын созуға әзір екендіктерін жеткізді. «Аяла» Әлеуметтік қызметтер орталығының директоры Нұрғайым Дүйсенбаева «Аналар кеңесіне» қайырымдылық акция барысында көрсеткен көмегі үшін алғысын білдірді.

## ● ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМА

Бұдан былай оқулықтың сапасы үшін баспаларға жауапкершілік күшейді. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметтеріне қарағанда, республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы енді полиграфиялық қақау, сондай-ақ пәндік сараптама комиссиясы бекіткен нұсқадан ауытқу нәтижесінде кеткен қателер мен басқа да кемшіліктер анықталған жағдайда, оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерді баспа өз есебінен ауыстыруға міндетті екенін айтады.

ОҚУЛЫҚ САПАСЫ  
АРТАДЫ

– Біз мұндай құқықтық норма арқылы барлық тараптардың өзара жауапкершілігін күшейту мектептегі оқу әдебиетінің сапасын арттыруға оң әсер етеді деп санаймыз, – деген еді орталық басшысы Елдос Нұрланов.

Елімізде соңғы үш жылда ҚР Оқу-ағарту министрлігі мемлекеттік сараптама рәсімдерінің объективтілігін арттыруға, сарапшыларға, авторларға және оқулықтарға қойылатын талаптарды нақтылауға бағытталған бірқатар заңнамалық шаралар қабылдаған еді. Министрлік сайтында pdf және epub форматындағы қағаз оқулықтардың электрондық нұсқалары ашық орналастырылып, авторлар көрсетілмейтін болды. Бұл сараптаманың әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз ететін шара. Сондай-ақ, баспаларға ішкі сараптама жүргізу, авторлардың оқу әдебиеттерін әзірлеудің әдіснамасы, оларды бағалау критерийлері бойынша оқыту курсынан өткізу жауапкершілігі жүктеліп отыр.

Бетгі әзірлеген  
Рая ЕСКЕНДІР.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

# АВТОТҰРАҚ АЛАҢЫ

## Алматыға автоматтандырылған паркинг керек

Алматы қалалық Полиция департаменті қызметкерлерінің айтуынша, бүгінде қалада 500 мыңнан аса автокөлік тіркелген. Оның үстіне, қалаға тағы күн сайын өзге облыстардан 250–300 мыңға жуық көлік кіреді. Сонда бүгінгі таңда Алматы қаласы көшелерінен 800 мыңдай автокөлік жүреді екен. Әрине, мұның барлығы үнемі қозғалыста бола бермейді. Жасыратыны жоқ, темір тұлпар иелерінің көпшілігі ақылы автотұрақтарға емес, жұмыспен барған жердегі көпқабатты үйлердің аулаларына машиналарын қояды. Қазір Алматы аулалары автотұраққа айналды.



Серік  
ЖҰМАБАЕВ

### Аулалар көлік тұрағына айналды

Қарапайым есеппен алсақ, Алматының әрбір төртінші тұрғыны – көлік жүргізеді. Жаңа автомобиль сатып алғанда, қала тұрғындары оны қайда қою керектігін ойламайды. Барлығы дерлік өзі тұрған ауласын жеке көлік тұрағына айналдырып алған. Көпқабатты тұрғын үй аулаларына көліктерді қаңтарып қою қаншалықты заңды?

Негізінен экологиялық стандарттарға, яғни кеңестік кезеңнен бері елде қолданылып келе жатқан санитарлық нормаларға сәйкес, тұрғын үйлерге, жалпы білім беретін мектептердің, интернаттардың, мектепке дейінгі және емдеу мекемелерінің жер учаскелерінің шекарасына он метрден жакын тұраққа тыйым салынады. Егер машиналар оннан көп болса, онда қашықтықты 15 метрге дейін арттыру қажет. Бірақ бүгінгі таңда бұл норма қалада өз деңгейінде орындалып жатқан жоқ.

Әйтпесе, ҚР ӘҚБтК-нің 425-бабы бойынша халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бұзу жеке тұлғаларға 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Ал егер ол абайсызда адамдардың жаппай ауруына немесе улануына әкеп соқса, онда екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.



### Тәртіп бұзушыларға айыппұл салынады

Бізге өкінішке орай, неше түрлі заңдар жазылғанымен, оның белгілі бір бөлігі орындалмайды. Дәл осы бап бойынша қаладағы бірде-бір адамға айыппұл салынғанын көрмедік те, естімеппіз де. Санитарлық нормалардан басқа, аулалардағы тұрақ жол жүру ережелерімен де реттеледі. ҚР Жол жүру ережелеріне сәйкес, егер бұл тұрғындарға қолайсыздық тудырса (қыс мезгілінде ғана емес, жылы ауа райында да көлік көп уақыт оталып тұрса), ондай көліктердің аулада тұруына тыйым салынады. Тіпті, тротуарларға, көгалдарға, гүлзарларға, балалар және спорт алаңдарына көлік қоюға болмайды. ҚР ӘҚБтК-нің 597-бабы «көлік құралдарын тоқтату немесе қою қағидаларын бұзу» бойынша тәртіп бұзушыларға 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Сонымен қатар, Алматы қаласының аумағын абаттандыру ережелеріне сәйкес, арнайы автокөліктердің өтуіне кедергі келтіретін түрлі шлагбаумдарға да тыйым салынған.

### Тыныс алу мүмкін болмай қалады

Шыны керек, автокөлік иелерінің басым көпшілігі автотұрақ саласын реттейтін қолданыстағы мұндай заңдардан бейхабар. Олар қалада арнайы гараж, автотұрақ

болмағандықтан осылай етуге мәжбүрміз деп, өздерін ақтап алып жатады. Нәтижесінде қазір аулалардағы барлық бос орын, көгалдар мен тротуарларды қоса алғанда, автокөліктерге толы. Подъезге жетпек түгілі, оған жақындау қиындап кетті. Таңертең аула жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштардың шуымен және пайдаланылған газдардың түтінімен толады. Тыныс алу мүмкін болмай қалады.

Автокөлік иелері жол қозғалысы ережесін де, экологиялық стандарттар мен нормаларды да сақтамайды. Өйткені, ол үшін жаза қолданылмайтынын олар жақсы біледі. Қалалық әкімдіктің ауладағы автотұрақтарға қатысты сұрақтарға берген жауаптарына қарасаңыз, аула аумағын күтіп ұстау ПИК, МИБ пен жергілікті учаскелік инспектордың құзыретіне берілген. Бірақ барлық аулалар автокөліктерге стихиялы түрде толғанына қарағанда ПИК те, МИБ те, учаскелік полициялар де көлік тұрағын реттеуге мүдделі еместігін байқайсыз. Демек, көпқабатты үйлердің ешқайсысы да ыңғайлы және қауіпсіз аула болмай тұр.

### Көлікпен бірге тұрақты да сатып алу керек

Учаскелік инспекторлар тұрақ ережелерін бұзу мәселесіне Әкімшілік полиция басқармасы жауапты екендігін, сондықтан тұрғындар «102» нөміріне хабарласу

керектігін айтады. Санитарлық нормалар мен жол қозғалысы ережелерін бұзатын автокөлік иелері айналып келгенде, бұдан өздері зиян шегіп отыр. Мысалы, өткен жылдың желтоқсан айында қаладағы көпқабатты тұрғын үй кешенінің шатырынан құлаған мұздан бір емес, үш бірдей көлікке зақым келді. Kolesa.kz сайтының есебінше, олардың әрқайсысын қалпына келтіру үшін кемі 200 мың теңге қажет екен.

Автокөлікке мұз құлаған жағдайда полиция шақырып, барлық зақымдарды тіркеп, ПИК, МИБ басшылығына есепшотты ұсыну қажет. Алайда, бұл жерде шығынды өндіру өте қиын. Тіпті керісінше, егер автокөлік қолданыстағы заңнаманы, ҚР Құрылыс нормалары және ережелері заңдылықтарын бұза отырып, тұраққа қойылғаны ескерілетін болса, МИБ, ПИК-тің өтініші бойынша полиция зардап шеккен автокөлік иесіне әкімшілік айыппұл салуы мүмкін.

Мәселен, Жапонияда бұл ретте өте қатаң ережелер сақталған. Жапондықтар автокөлік сатып алмас бұрын, оны қоятын орын бар екенін дәлелдеуі тиіс. Былайша айтқанда, олар көлікпен бірге тұрақты да сатып алады. Онсыз көлік ала алмайды.

### Шетелде мұнаралы тұрақтар жұмыс істейді

Мысалы, халқы көп, жері аз Жапония елінде көпқабатты тұрғын үй аулаларындағы тұрақтар сатылымға шығарылған. Егер адамдардың жеке тұрағы жоқ болса, көлік сатып алуына тыйым салынады. Яғни олар экология тазалығын транспорт сатып алуға тыйым салумен шешіп отыр. Онда кез келген адам үйден екі шақырымнан аспайтын қашықтықтан арнайы көлік тұрағын сатып алуы қажет. Жапон аулаларындағы барлық тұрақтар белгіленген. Тіпті, оларда иесінің аты жазылған тақтайша орнатылған. Егер басқа біреу ол жерге көлігін қойса, онда дереу полиция шақырып, айыппұл салынады. Осындай ережелер Қытайдың Шанхай мен Пекин қалаларында қолданылады.

Ал Еуропа мен АҚШ-та ауладағы тұрақ мәселесі бұрыннан басқа деңгейде шешіліп келеді. Егер бір жерде шағын аудан бой көтерсе, онда міндетті түрде көпқабатты көлік тұрағы салынады. Яғни онда лифт көмегімен жоғары көтерілетін заманауи механикаландырылған паркингтер жұмыс істейді. Тіпті, үш көлік сиятын орынға лифті арқылы 16 көлікті орналастыратын нұсқа да оларда кеңінен қолданылып келеді. Мұндай мұнаралы автоматтандырылған тұрақтар АҚШ-та бес қабатты үйлердің бойымен бірдей тұрады. Мұндай тұрақтарды пайдалану өте ыңғайлы, онда ешқандай диспетчерлер отырмайды, карта арқылы көлігіңізді өзіңіз-ақ жылдам төмен түсіріп, жүргізіп кете аласыз.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ербол АСЫЛХАНОВ,  
қала тұрғыны:

### ТҰРАҚ ҮШІН ШАЙҚАСАТЫН БОЛДЫҚ

Карантин кезінде адамдар үйде отыруға мәжбүр, ал көліктері аулада тұрды. Қазір көпқабатты үйлердің аулаларын тоқтап тұрған көліктер басып алды. Орын табу өте қиын. Өткенде өзім тұратын үйдің ауласына көлігімді қойып жатсам, ірі денелі ер адам жетіп келіп: «Көлікті бұл жерге қойма, бұл менің орным», – деп көкірегің көтерді. Ашуым келіп: «мен де осы үйде тұрамын. Сондықтан менің де мұнда көлік қоюға құқығым бар», – дедім. Ол кішкене басылып: «Таңертең тұрғанда көлігіңнің дөңгелегі тесіліп қалмасын, байқа!», – деп қорқытып кетті. Әрине, оның бұл сөзінен кәдімгідей секемденіп қалдым. Бірақ дөрескілігі мен өркөкіректігіне шыдай алмай, темір тұлпарды сонда жалғыз қалдырып кеттім. Бақытыма орай, оған ешкім тимеген екен. Көршіммен бұдан кейін қайта кездескен жоқпын. Жалпы, автотұрақ орындары үшін шайқас көбінесе көршілермен үлкен қақтығыстарға әкеледі. Өткен жылы тұрақ үшін екі көрші төбелесіп, ақыры оның бірі комаға түсті. Кейбіреулер кейде көлікті суретке түсіріп, полицияға арызданады. Айыппұл салдыртады. Ал бұдан кейін көршілер бір-бірімен тіптен өштесіп кетеді. Тағы бір мәселе, аулаларға қойылған көліктердің кесірінен жедел жәрдем, өрт сөндірушілер, құтқарушылар кіре алмай жатады. Сондықтан тұрақ мәселесі Алматыда үлкен әлеуметтік және экономикалық проблемаға айналып отыр. Бұл мәселе тиімді шешілмесе, арты жақсылыққа апармайды...

Ергали АМАНХАНҰЛЫ,  
онколог-дәрігер:

### ЗИЯНДЫ ҚАЛДЫҚТАР ҚАТЕРЛІ ІСІККЕ ҰРЫНДЫРАДЫ

Биік құрылыс қалалықтарға тұрақ орындарын бергенімен, бұл желденуді жоюды. Қазір қаладағы зиянды газдар ғарыштан көрінетіндей дәрежеге жетті. Мегаполистің ластану деңгейі тым жоғары. Бірақ бәрі бірдей тыныс алатын ауаның қаншалықты қорқынышты екенін түсінбейді. Егер сіз үлкен магистральды жолда тұрсаңыз, бұл сіздің бес жылдық өміріңізді алып кетуі мүмкін. Атмосфераға таралатын зиянды қалдықтар өкпе ауруын тудырып, қатерлі ісікке ұрындырады. Сондықтан бұл мәселені жан-жақты ойластырып, кешенді түрде шешу қажет. Сырттан келетін көліктерді қалаға кіргізбеу керек. Бұл әлемдік тәжірибе бұрыннан бар. Ол үшін, алдымен, қала әкімдігі сырттан келетін адамдарды қала сыртында көлік қоятын тұрақ пен қалаға еш кедергісіз жеткізетін қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету мәселесін шешуі тиіс. Сондай-ақ, жылу жүйелеріндегі мазут, көмір пайдалануды толықтай газбен алмастырған жөн. Мұның бәрі жылдам әрі жүйелі түрде шешілуі қажет. Өкінішке орай, біз әлі күнге дейін экологияның қасіретке ұрындыратынын ескермей келеміз.

Талғат КӘДІРБЕКҰЛЫ,  
заңгер:

### АВТОТҰРАҚТАР ЖҰМЫСЫНА ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ҚАЖЕТ

Бұл мәселені шешу үшін нақты автотұрақтар жұмысына қатысты заң қажет. Заңсыз бұл мәселені шеше алмаймыз. Экологиялық стандарттар, санитарлық нормалар мұны шеше алмайды. Бізге ең алдымен, дәл жазылған заң керек. Мәселен, Германияда автотұрақ тұрмақ, біреудің мысығын көлікпен басып кетсең, қандай жаза қолданылатынына дейін заңда көрсетілген. Бізге де заңның осындай ережелері жетіспей тұрған секілді. Ережеде автотұрақтардың нақты қандай жерде болуы, оның бағасы және аулаларға көлік қантару талаптары нақты көрсетілуі тиіс. Парламент депутаттары осындай заң шығарып, нақты ережелерін көрсетіп бермейінше, біз ештеңе істей алмаймыз. Тым болмаса, жергілікті әкімдік қалалық мәслихат сессиясының күн тәртібіне осы мәселені қойып, депутаттармен бірлесіп, заңды түрде шешім шығаруы тиіс. Қалалық мәслихаттың шешімі сол қала тұрғындарының барлығына бірдей заңдық күші бар құқықтық акті болып табылады.



ТҰСАУКЕСЕР

## АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІ – ҰЙҒЫР ТІЛІНДЕ

**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Шөмішбай Сариевтің өлеңдері ұйғыр тіліне аударылып, кітап болып жарыққа шықты. Ақынның көзі тірі болғанда, биыл 77 жасқа толар еді. Кітаптың тұсаукесері Құдыс Қожамьяров атындағы мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия театрында өтті.**

Ақтолық  
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Салтанатты іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов, қазақ эстрадасының жұлдыздары қатысты.

«Шөмішбай ағаммен студент кезімнен таныспын. Ағамыздың батасын алған адаммын. Ол кісінің қаламынан туындаған

әндер ел жадында мәңгі сақталары сөзсіз. 500-ге жуық әнге сөз жазыпты, әр өлеңі жүрегіңізді елжіретіп, көңіліңізді тербетері сөзсіз. Өзі өмірден өтсе де, өлеңдері әдебиетімізде сақталады», – дейді Нұрғиса Дәуешов.

Шөмішбай Нағашыбайұлының өлеңдерін тәржімалаған Иминжан Тохтияровтың сөзінше, тәуелсіздік алғалы бірде-бір қазақ ақындарының өлеңдері ұйғыр тіліне аударылмаған. «Бір жылдың ішінде Шөмішбай ағамыздың шығармашылығына қанық болдым. Оның өлеңдерінен туған жері мен еліне деген махаббаты аңқып тұрады. Әрбір шығармасының мазмұны бай, мағынасы терен. Әсіресе, Асқар Сүлейменовке арнаған поэмасы маған ерекше шабыт берді. 170-ке жуық өлеңдері кірді. Қазақстан егемендік алғаннан бері мен өзім анализ жасадым. Бірде-бір қазақ ақындарының өлеңі ұйғыр тілінде аударылып шықпапты. Мен сол жағынан бақытты сезінем өзімді», – дейді Иминжан Тохтияров.

Кеште ақынның сөзіне жазылған әндер шырқалды, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Ақынның жары Құдыс Қожамьяров атындағы мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия театры ұжымына ерекше алғысын білдірді. Тәржімаланған кітап екі халықтың арасында рухани сабақтастық рөлін атқаратын болады деді.

КИНОКЕҢІСТІК

## ЖАҒАНДЫҚ БАСТАМА

**Мақсат – кәмелетке толмағандарға қатысты заңсыз және қылмыстық әрекеттердің жолын кесу**

**Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық «Жарық сәулесі» бастамасы аймақтық бағдарламасының қолдауымен «Ерте жүктілік» деректі фильмінің жабық көрсетілімі болды.**

Досбол  
АТАЖАН

Іс-шараға БАҚ өкілдері, блогерлер, қоғамдық ұйымдар мен жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты. Фильмнің авторлары жасөспірімдердің психологиялық жетілмегендігі, олардың жақындары мен қоғам қолдауының болмауы, жүктілік пен ана болу проблемасына тап болған жасөспірімдерге көмек алу үшін қажетті ақпарат пен арналардың жетіспеушілігі тақырыбын көтереді.

«Жасөспірімдердің жүктілігі – бұл нақты себептері бар, адамға, оның отбасына және қоғамға медициналық, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан әсер ететін жаһандық құбылыс. Сонымен қатар, жасөспірімдердің жүктілігінің жалпы санының астарында жыныстық зорлық-зомбылық жатқанын ұмытпауымыз керек. ДДҰ мәліметтері бойынша, 15–19 жас аралығындағы жасөспірімдердің 24%-ы өмірінде кем дегенде бір рет серіктесінен физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған. Бұл контрацепцияны қолдану туралы білімнің жетіспеушілігі емес, кәмелетке толмағандарға қатысты заңсыз және қылмыстық әрекеттердің жолын кесу мәселесі», – дейді фильм авторлары.

Қазақстанда 2021 жылы ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша

15 пен 18 жас аралығындағы жасөспірім қыздар 5774 баланы дүниеге әкелген. Шараны ұйымдастырушылардың деректеріне сәйкес, қоғамдық айыптау ауыртпалығынан басқа, ерте жүктілік көбінесе жасөспірім аналардың физикалық және психологиялық денсаулығына үлкен асқынудар әкеледі. Олардың 50%-дан астамы орта мектепті аяқтамайды. Білім алудан және соның салдарынан еңбек нарығында жарамсыз болып қалу оларды тұрақты табыс алу мүмкіндігінен айырады және гендерлік зорлық-зомбылық қаупі жоғары болатын қарым-қатынасқа әкелуі мүмкін. Халықаралық тәжірибеде қыздардың білім алуына, медициналық қызметтерге қол жеткізуіне және олардың отбасыларына экономикалық көмек көрсетуге қатысты жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар ұсыныстар бар.

Еуропалық Одақ қаржыландыратын БҰҰ-ның әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық пен зиянды тәжірибелердің барлық түрін жою жөніндегі жаһандық «Жарық сәулесі» бастамасы әйелдер мен қыздардың кемсітушіліктен және зорлық-зомбылықтан азат өмір сүруі үшін жағдай жасауға бағытталған. Бастаманың міндеттерінің бірі – азаматтық қоғам белсенділерімен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл арқылы әлеуметтік және экономикалық салдары бар проблемаларға назар аудару.

ӘН МЕН ӘНШІ

## «ЖАС ҚАНАТ»

**байқауы үш жылғы үзілістен кейін қайта өткізіледі**

**Байқау елмен бірге қиыншылық пен сәттілікті, жеңіс пен жеңілісті де көріп шықты. Тәуелсіз мемлекетпен бірге өсті, өркендеді. Бүгінде халықты шығармашылығымен қуанытып жүрген жұлдыздар осы байқаудың арқасында үлкен сахнаға жолдама алған еді.**



Олардың ішінде – Медеу Арынбаев, Ерлан Көкеев, Нұрлан Абдуллин, «Үркер» тобы, Бақыт Шадаева, Жанар Дұғалова, Мәдина Сәдуақасова, Құрмаш Маханов, Сәкен Майғазиев, Гауһар Қаспақова, Алтынай Жорабаева, Жанна Орынбасарова, Нұрлан Албан, Бейбіт Қорған, Гүлнұр Оразымбетова сынды өнер саңлақтары бар.


Аталмыш іс-шара байқаудың негізін қалаған Мұрат Ерғалиев пен Александр Пономаревтің құрметіне ұйымдастырылmaq. «Жас қанат–2023» байқауы 29 мамыр мен 3 маусым аралығында Республика сарайында өтеді.

«Ән рингінде» өз облыстарының намысын қорғайтын талантты жастар:

1. Аружан Бисембай, 20 жас, Орал қаласы.
2. Нарғыз Жанұзақова, 17 жас, Ақтөбе қаласы.
3. Диас Жорабек, 19 жас, Алматы қаласы.
4. Алина Сағынбаева, 16 жас, Астана қаласы.
5. Нариман Жолдасбеков, 27 жас, Петропавл қаласы.
6. Алмагүл Батталиева, 23 жас, Алматы қаласы.
7. Нұрасыл Сатыбалды, 23 жас, Шымкент қаласы.
8. Мәдина Қабдолла, 20 жас, Павлодар қаласы.
9. Ерасыл Мұқанов, 18 жас, Астана қаласы.
10. Дильназ Сапарғалиева, 20 жас, Астана қаласы.
11. Ерасыл Инібек, 25 жас, Ұшарал қаласы.
12. Жанель Атамбекова, 16 жас, Сарыағаш қаласы.
13. Қымбат Жамбылбек, 23 жас, Жамбыл облысы.
14. Ерназар Жұбан, 27 жас, Алматы қаласы.
15. Әсем Едіге, 27 жас, Қарағанды қаласы.
16. Абай Қырықбаев, 18 жас, Қарағанды қаласы.
17. Камилла Рамазанова, 18 жас, Қарағанды қаласы.
18. Беназир Әлімходжаева, 23 жас, Алматы қаласы.
19. Александра Турецкая, 22 жас, Астана қаласы.

Енді аз уақыттан кейін конкурсанттар мегаполис төрінде бас қосып, өнерін ортаға салып, көрермендер мен жанкүйерлеріне ән мерекесін сыйлайды.

ҚОЛТАҢБА



## «ТОЙЫ КӨП ҮЙ»

**спектаклінің премьерасы өтеді**

**Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында 25–30 сәуір аралығында театр режиссері, ҚР еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері Мұрат Ахмановтың шығармашылық апталығы өтеді.**

Апталықта режиссердің «Келіндер көтерілісі», Б.Мұқайдың «Шындық детекторы», Иран-Ғайыптың «Фатима», «Естайдың Қорланы», «Бір түп алма ағашы» қойылымдары көпшілік назарына ұсынылып, сондай-ақ өзінің қаламынан туған «Наурыз-думан», «Ертегілер әлемінде» сынды балаларға арналған спектакльдері сахналанды.

Шығармашылық жолын балет бишісі

ретінде бастап, театр мен кино өнерінде өзіндік сара жолы мен қолтаңбасын қалыптастырған Мұрат Ахмановтың мерейлі жасы қарсаңында қазақ театр өнеріндегі елеулі еңбектеріне шолу болмақ. Еліміздің бірнеше театрында жемісті еңбек етіп, Орал, Талдықорған, Жезқазған, Ақтөбе театрларының дамуына үлес қосып, одан рухани астанамыздың айтулы ордасы Ғ.Мүсірепов театрында жалғап келе жатқан өнер иесінің шығармашылық апталығы салтанатты түрде 25 сәуірде ашылмақ. Театр фойесінде ғылыми конференция, «Мұрат Ахманов» кітабының тұсаукесері және «Тойы көп үй» спектаклінің премьерасы жайлы баспасөз мәслихаты өтеді.

Бұл – өнегелі өмірін өнерге арнаған тұлғаның шығармашылығын насихаттау, жалынды жастарды кіршіксіз өнерге баулу мақсатында ұйымдастырылған іс-шара.

Әзірлеген  
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.



## КӨРМЕ

## Мың бояулы «Өрім»



Алматы музейінде гобеленші, қазақстандық «Шебер» байқауының жеңімпазы, Еуродизайнерлер одағының мүшесі, халықтық және заманауи қолөнерді ұштастыра дәріптеп жүрген Құндыз Жылыбаеваның «Өрім» деп аталатын көрмесі ашылды.



Нұржамал  
ӘЛІШЕВА

Оған қолөнершінің гобеленмен тоқылған жиырмадан астам туындысы қойылды.

Гобелен – аса күрделі де кірпияз, асқан дәлдікті, талғампаздықты, сабыр, шыдамды талап ететін бекзат өнердің бірі. Бірақ осы өнерді жүрек қалауымен таңдағандықтан, кез келген қиындығы мен шығығына төзіммен қараймын. Маған бұл өнер еселеп шабыт сыйлайды. Бірнеше бояуды бір туындының өн бойынан көретін бақытты сәттерімді сөзбен өрнектеп жеткізе алмаспын, – дейді Құндыз Жылыбаева.

Осынау қиын да қызықты шығармашылық жолын небәрі төрт жасында бастаған гобеленші қыздың ұстазы гобеленнің анасы – Бәтима Зәуірбекова. «Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты» демекші, оның әсіресе, жіптермен тоқылған құмыралары халықаралық байқауларда шетелдіктерді таңдай қақтырып жүр. Оның абыройын асқақтатып жүрген де сол көздің жауын ұрлайтын, бояулары қанық гобелен-құмыралары. Әзірге Қазақстанда мұндай гобеленді Құндыздан басқа ешкім тоқыған емес. «Өрім» көрмесіне сол құмыраларымен бірге, «Шашбаулым», «Бақыт құсы», «Даналықпен кездесу» сынды танымал гобелендері тұр.

Өзіміздің ұлттық болмысымызды бүгінгі күнге заманауи реңкпен жеткізіп жүрген, өнерді шексіз сүйетін қазақ қызы қазір екі бағытты қатар алып жүр. Біреуі – абстарктілі гобелендер (тезірек тоқылатын), ал екіншісі – өте ұсақ әдіспен тоқылатын шпалера. Осы екі бағыттағы өзгеше туындыларын көргіңіз келсе, Алматы музейіндегі «Өрімге» келіңіз. Көрме 5 мамырға дейін жалғасады.

## ӨНЕР

## «ОРТЕКЕ»

Алматыда қуыршақ театрларының фестивалі өтіп жатыр

Алматыда 21–29 сәуір аралығында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен VI халықаралық «Ортеке» қуыршақ театрларының фестивалі өтіп жатыр.

Іс-шараға республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театры, Алматы қаласының мемлекеттік қуыршақ театры және «Тотальный театр» қатысып жатыр. Фестивальдің конкурстық және конкурстан тыс бағдарламасында Қазақстан, Грузия, Түркия, Корея, Өзбекстан және Қырғызстан қуыршақ театрларының үздік қойылымдары ұсынылады. Жеңімпаздарды халықаралық қазылар алқасы айқындайтын болады. Фестивальге кіру тегін. Сондай-ақ, іс-шара аясында жетекші актерлар мен режиссерлардың қатысуымен шеберлік сабақтары мен «дөңгелек үстел» өтеді.

«Фестивальдің мақсаты – қуыршақ театрларын дәріптеу, басқа елдермен мәдени байланыстарды нығайту, дарынды артистер мен режиссерларды іздеу және әрине, отандық театр өнерін дамыту. Мұндай іс-шаралар біздің жас артистерімізге өзін көрсетуге, жаңа көрермен табуға және шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді», – деді ҚР МСМ Мәдениет комитетінің төрағасы Роза Кәрібжанова. «Ортеке» халықаралық фестивалі 2007 жылдан бері, екі жылда бір рет өткізіліп келеді.

А.А.АЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

## ТӘРБИЕ

## Сурет те күлдіреді



Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде әзіл-сықаққа құрылған суреттер салу байқауы өтті. Оған мегаполистегі жоғары оқу орындарының оқытушылары қазылық етті.

Іс-шараның мақсаты – аяғын жаза басып, бас бостандығынан айырылып, колонияның төрт қабырғасында отырған жазалы жасөспірімдердің эстетикалық талғамын арттыру, адамгершілік, қайырымдылық қасиеттерінен ажырап қалмауға дәнекер болу, жақсы күндерден күдер үзбеуге шақыру, жетістіктерін бағалау, шығармашылыққа жолға жетелеу және күлкі, әзіл-қалжың да өмірдің сәнін кіргізетін құрал екенін жеткізу.

Әзіл-қалжыңға толы суреттер ішінде Р.Ғаділбектің «Дәрігер мен емделуші» атты карикатуралық суреті 1-орын иеленді. Н.Карансеевтің «Телефонға таңылған баласы» – 2-орын, ал Н.Серғазиннің «Суға батып бара жатқан адамды құтқару» шығармасы 3-орын алды.

Әділқазылар алқасының мүшесі оқытушы Алма Тәуірбекқызы барлық қатысушы баланың еңбегіне баға беріп, шығармашылық табыс тілеп, әрі қарай да іздене беруге, өз-өзін дамытуға, өнерден қол үзбеуге шақырды.

Нұр ЖАМАЛ.

«ALMATY AQSHAMY»  
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне  
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді [almaty-akshamy.kz](mailto:almaty-akshamy.kz) сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ  
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

**65503 (жеке жазылушылар үшін)**  
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге,  
6 айға – 3603,00 теңге, 8 айға – 4804,00 теңге

**15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)**  
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге,  
6 айға – 9723,00 теңге, 8 айға – 12964,00 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен  
ҰОС ардагерлері үшін)**  
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге,  
6 айға – 2643,00 теңге, 8 айға – 3524,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

\* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін  
десеңіз;

\* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

\* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне  
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

\* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

\* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:  
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері  
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:  
«Almaty Aqparat» ЖШС.  
[almaty-aqparat@mail.ru](mailto:almaty-aqparat@mail.ru)

Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –  
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

# ЖАРТЫЛАЙ МАРАФОН

Алматыда жаппай жүгіруден жарыс өтті



Досбол  
АТАЖАН

Бірінші марафоншылар легінде 10 шақырым қашықтық және скандинавиялық жүру бойынша 4 мыңнан астам адам жолға шықты. Олар старт сызығын таңғы 7.30-да кесіп өтті. Одан кейін сағат 8.10-да жартылай марафонның басты дистанциясы – 21 шақырым қашықтыққа жүгіру басталды.

Бұл спорттық шараға барлығы 7660 адам тіркелген. Олардың қатарында кәсіпқой спортшылар мен қарапайым қала тұрғындары да бар. Сондай-ақ, арнайы осы марафон үшін әлемнің 29 елінен және Қазақстанның 17 өңірінен туристер мен отандастарымыз келген.

Айта кеткен жөн, жартылай марафонға қатысушыларды жол бойы велосипедпен жүрген кәсіби төрешілер, полиция және жедел жәрдем қызметкерлері бақылады. Төрешілер адамдардың жолдан шығып кетпеуін, жарыс ережелерінің бұзылмауын қадағаласа, өзге қызметкерлер марафон қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Сондай-ақ, барлық адамдармен бірге жарыс жолына арнайы Расетмакер-лер де шыққан. Ту ұстаған спортшылар өзге адамдарға үлгі болып, жалпы жүгіріс ритмін құрап отырды. Сонымен қатар, жарыс дистанциясының бойында марафоншыларды қолдап, оларға ас пен су ұсынатын волонтерлар болды.

Марафоншылар жарысқа қатысу үшін Тұңғыш Президент саябағына жиналып, төрешілердің ескертуін тыңдап, жылдам жаттығу жасағаннан кейін әл-Фараби даңғылының бойымен жүгіруді бастады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Менің атым – Нияз, жартылай марафон төрешісімін. 21 қашықтық дистанциясына қатысушыларды бақылаймын. Мен бес жылдан бері төрелік етіп келемін. Біз марафоншылардың жанынан велосипедпен жүріп отырамыз және олардың ереже бұзбауын, жолдан шығып кетпеуін қадағалаймыз. Адамдардың жүгіріс-жүгірісі әртүрлі, сондықтан үлкен қашықтыққа жүгіретін қатысушылардың өз мүмкіндіктерін шынайы бағалағаны дұрыс. Жол бойы пульстарын, қан қысымын бақылауға кеңес беремін. Ал бірінші рет марафон жолына шыққан адамдарға осы сәтті есте сақтап, алдағы уақытта да спортпен айналысуды жалғастырып, салауатты өмір салтын ұстануға шақырамын», – деді жартылай марафон төрешісі Нияз.

Жартылай марафон мәресі Алматының Орталық стадионда орналасты. Мәре сызығын кесіп өткен барлық қатысушыларға естелік медаль сыйланды. Ал үздік болып, мәреге бірінші жеткен марафоншылар сағат 12.00-де марапатталды.

Бір қызығы, абсолютті категория – 21 қашықтық дистанциясында бірде-бір қазақстандық азамат жүлделі орынға ие бола алмады. Ерлер арасында бірінші орынды Ресейден келген Михаил Кульков иеленсе, екінші-үшінші орындарға – грузиялық Давити Харазшвили және өзбекстандық Евгений Фадеев жайғасты. Төртінші сатыдан тағы бір ресейлік Юрий Чечун көрінсе, алғашқы бестікті Данияр Орманғали түйіндеді.

Ал әйелдер арасында 21 шақырым қашықтықты алғашқы болып Қырғызстаннан келген Айнұсқа Халилқызы бағындырды. Үздіктердің екінші сатысына Евгения Прокофьева шыкса, үшінші орынды белоруссиялық Светлана Куделич иеленді. Мәреге төртінші болып тағы бір украиналық Екатерина Васильченко келсе, бұл жолы да үздік бестікті жерлесіміз Ксения Авдеева толықтырды.

БАЙҚАУ

## МҰЗ ҮСТІНДЕГІ ШОУ



Бұл шарадан түскен қаржы мұқтаж отбасыларға жұмсалады

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақстан Әйелдер күштері альянсы мен ҚСДҚ (Kimer Association of Sport Development) бірлесе отырып, жыл сайынғы «SOI – «Жастар таза ауа үшін» шоу-байқауын сәтті өткізді.



Нұржамал  
ӘЛІШЕВА

SOI (students on Ice, яғни «мұз үстіндегі студенттер») мұзды шоу байқауына қатысуға ниет білдірген 11 жұл студентті спорт шебері, Қазақстан чемпионы, Азия жарыстарының чемпионы Регина Глазман бес ай бойы, күнделікті бір тынбай дайындаған болатын. Еңбек ақталды десек болады. «Алматы Арена» жастардың мұз-шоуын тамашалауға келген көрерменге лық толды. Демек, билет жақсы сатылған. Ал түскен қаржыға Алматының Түркісіб ауданындағы әл-ауқаты төмен 20 отбасыға газ тартылады. Міне, сөйтіп қаламыздың қайырымды жастары осылайша үлкен іске үлес қосып отыр. Ал мұз айдынында мәнерлеп сырғанап шоу жасаған жеңімпаз жастардың қуанышында шек жоқ, әрине.

Иә, бүгінде экологиялық ахуал біздің қалада ғана емес, бүкіл әлем бойынша маңызды тақырыпқа айналып отырғаны рас. Пешке жағылған көмірдің өзі ауаны ластап, адам денсаулығына үлкен экологиялық қауіп төндіретіні белгілі. 2019 жылы Алматы қаласы әлемдегі экологиялық қауіпті 100 қаланың қатарына кіріп, 95-ші орынға шыққан болатын.

Өскеген ұрпақтың қала мәселесіне бей-жай қарамай, оны оңымен шешуге белсене атсалысып, қала тарихында өз қолтаңбасын қалдыруға деген ұмтылысы өте қуантады.

– Бұл жобаның тарихы ұзақ, пандемия жағдайларына байланысты оны екі жылға тоқтата тұруға тура келген еді. Ал бүгінгі күні 10 жылдық мерейтойлық шоумен жалғасын тапқанына қуаныштымыз. Бұдан кейін жыл сайын осы әлеуметтік маңызы бар іс-шараға жастарды көбірек тарта отырып, әрі қарай жалғастыруды жоспарлап отырмыз, – дейді Алматы қалалық Әйелдер күштері альянсы төрағасының орынбасары Әлия Ахмеджанова.

